

Жылу магистралі  
жаңғыртылу



ЖИ мен  
тарих үндесіп...



Доп  
додасының  
дүбірі



2-бет

5-бет

8-бет

## • ДЕНСАУЛЫҚ

### Бақылау күшейеді

Антибиотиктерді рецепсіз сатуға бақылау күшейтіледі. Денсаулық сақтау министрлігінің мәліметінше, қолданыстағы шектеулерге қарамастан, кейбір дәріханалар мен онлайн платформаларда мұндай дәрілер әлі де дәрігердің рецепсіз сатылып келеді.

Ведомство антибиотиктерді бақылаусыз қолдану адам денсаулығына ғана емес, жалпы қоғамдық денсаулық сақтау жүйесіне де қауіп төндіретінін ескертеді. Себебі, мұндай дәрілерді орынсыз әрі ретсіз пайдалану микроорганизмдердің дәріге төзімділігін арттырады. Соның салдарынан бұрын емдеуге болатын инфекциялардың өзі уақыт өте күрделеніп, емге көнбеуі мүмкін.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының дерегіне, антибиотиктерге төзімді инфекциялардан әлемде жыл сайын шамамен 700 мың адам қайтыс болады. Сарапшылар бұл мәселе дер кезінде тежелмесе, 2050 жылға қарай мұндай инфекциялардан көз жұматындар саны 40 миллион адамға жетуі мүмкін екенін болжайды.

Осыған байланысты министрлік дәріханалар мен онлайн сауда алаңдарындағы антибиотик айналымына бақылауды күшейтпек. Мамандар тұрғындарды антибиотикті тек дәрігердің тағайындауымен қабылдауға және өз бетінше емделуден бас тартуға шақырады.

Өз тілшімізден

## Түмса табиғат турист тартады

Табиғи байлығы мен тарихи болмысын сақтай отырып, жаңа жобаларға жол ашқан Қарқаралы да жаңғыру үдерісінің алдыңғы легінде. Мұнда әлеуметтік нысандар жанарып, туризмге серпін беретін жетелі жобалар кезек-кезеңімен жүзеге асуда.


Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН,  
«Ortalyq Qazaqstan»

### Баспана – тұрмыс сапасының өлшемі

Қарқаралы ауданында тұрғын үйге мұқтаж азаматтарды баспанамен қамту жұмысы жүйелі түрде жүргізіліп келеді. Соңғы екі жарым жыл ішінде ауданда үш көпбұйымды көпқабатты үй салынып, жылжымайтын мүліктің бастапқы және қайталама нарығынан пәтерлер сатып алынған. Жалпы, осы кезеңде 58 пәтер ауданның коммуналдық қорына алынып, тұрғын үй кезегінде тұрған әлеуметтік осал топ өкілдеріне үлестірілді.

Аудандық тұрғын үй инспекциясы бөлімінің мәліметінше, бұл пәтерлер жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға, көпбалалы аналарға, көпбалалы отбасыларға, I және II топтағы мүгедектігі бар азаматтарға, толық емес отбасыларға, жасы бойынша зейнеткерлерге және жалғыз баспанасы апатты деп танылған тұрғындарға берілген.

Быттыр ауданда жеке кәсіпкерлердің күшімен салынып жатқан тұрғын үйлерді коммуналдық қорға сатып алу жұмысы қолға алынған. Бұл – баспана кезегін жылжытудың тиімді тетігі.



ӨНІРЛЕРДІ ДАМУ

Қазіргі таңда аудан бойынша жалпы саны 27 тұрғын үй салынууда. Оларда барлығы 80 пәтер қарастырылған. Тұрғын үйлердің жалпы ауданы – 6200 шаршы метр. Оның ішінде көлемі 45,4 шар-

шы метр болатын 8 бір бөлмелі, көлемі 68,3 шаршы метр болатын 4 екі бөлмелі, 113 шаршы метрлік 5 төрт бөлмелі екі деңгейлі және көлемі 83 шаршы метр болатын 63 үш бөлмелі пәтер бар. Матак

ауылында 4 үй салынып, 8 үш бөлмелі пәтер қарастырылса, Көктас ауылында 2 үйдің құрылысы жүргізіліп, 4 үш бөлмелі пәтер пайдалануға берілмек. Ал, Қарқаралы қаласында 23 үй салынып жатыр.

Онда бір, екі, үш және төрт бөлмелі пәтерлер тұрғын үй кезегіндегі азаматтарға үлестіріледі.

► 4-бет

## Ойлы жастардың озық жобалары

Аймақта жас ғалымдар мен зерттеушілердің әлеуметтік бағыттағы жобаларының үлесі артып келеді. Атап айтқанда, инклюзивті білім беруді қолдауға арналған дамытушы құралдар мен төтенше жағдайлар кезінде құтқару жұмыстарын жүргізетін роботтехникалық кешендер сәтті әзірленді. Бұл бастамалар жас буынның ғылыми-инновациялық әлеуеті мен әлеуметтік жауапкершілігінің жоғары деңгейін көрсетеді.

Қасымхан БҮРКІТҮЛЫ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

### GPS-сіз іздеу роботы

Қарағанды қаласындағы «Мұрагер» мектебінің 11-сынып оқушылары ғылым мен технология саласында тың жаңалыққа бастар жол ашатын бірегей жобаны ұсынды. Жас өнертапқыштар шахталарда, түтінге толы ғимараттарда және үйінділер астында тиімді жұмыс істей алатын іздеу роботын жасап шығарды. Ең маңыздысы – бұл құрылғы спутниктік байланысқа немесе GPS жүйесіне тәуелді емес.

«А.С.Т.I.V.E» деп аталған жоба бүгінде халықаралық деңгейде жоғары бағаланып отыр. Аталған робот Local



Pathing есептеу архитектурасына негізделген. Бұл жүйе спутниктік навигациясыз-ақ қысқа қашықтықтарда тиімді бағыт құруға мүмкіндік береді. Яғни, құрылғы күрделі және сигнал қолжетімсіз кеңістіктерде де өз бетінше бағдар таба алады.

– Қарапайым тілмен айтқанда, бұл – GPS те, дәстүрлі навигация да емес. Жүйенің басты ерекшелігі – робот-

тың спутниктік сигналсыз кеңістікте өздігінен бағдар табуы. Біз спутник қолжетімсіз жерлерде жұмыс істейміз: жабық ғимараттарда, шахталарда, түтінге толы нысандарда. Роботтың қондырмалары ауыстырмалы, сондықтан, оны әртүрлі міндеттерге бейімдеуге болады. Өнеркәсіптен бастап, тау-кен металлургия саласына сондай-ақ, өрт кезіндегі құтқару операция-

### ЦИФРАНДЫРУ ЖӘНЕ ЖАСАҢДЫ ИНТЕЛЕКТ ЖЫЛЫ 2026

яларына дейін, – деді жоба авторларының бірі Санжар Сәрсембаев.

Жобаны Санжар Тарғын Файзулла және Арнұр Тоғамбаевпен бірге жүзеге асырған. Жас зерттеушілер бұл бағыттағы жұмысты быттыр бастап, қысқа уақыт ішінде айтарлықтай нәтижеге қол жеткізді. Осы кезеңде олар роботтың бірнеше нұсқасын жасап, навигациялық алгоритмдерін жетілдіріп, толыққанды жұмыс істейтін платформаны құрастыра алды.

Еңбектің жемісі де көп күттірмеді. А.С.Т.I.V.E жобасы Infomatrix Asia 2026 халықаралық олимпиадасында Hardware Control санаты бойынша бірінші орынды иеленді. Бұл жеңіс жас өнертапқыштардың әлеуетін танытып қана қоймай, олардың кәсіби болашағына да жол ашты. Атап айтқанда, Санжар Сәрсембаев осы жетістігінің арқасында Алматы энергетика және байланыс университетінің білім грантын жеңіп алды.

► 5-бет

### БАСПАСӨЗ-2026

#### ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2026 жылдың II жартыжылдығына жазылу науқаны жалғасуда. Күнделікті жаңалықтар, сараптамалық мақалалар, мәдениет пен спортқа арналған жарияланымдар – бәрі бір газетте.

Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдеуге болады.

«Ortalyq Qazaqstan» – ақпаратқа сенім, жаңалыққа жақын!

Санаттар	Баламалы жазылым	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	6 айға 7600 теңге	6 ай 13 770,14	10 141,30
Жеке жазылулар үшін	6 айға 4000 теңге	6 ай 6 141,30	5 891,30

Анықтама телефоны: 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.

E-mail: ot.del.pochtovyy@bk.ru



Касп QR арқылы жазылуға болады

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!  
«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнысыз) баламалы жазылу жүргізіледі.

# Жылу магистралі жаңғыртылуда

Қарағандыда инженерлік инфрақұрылымды жаңарту бағытындағы жүйелі жұмыстар жалғасуда. Атап айтсақ, қаладағы ең маңызды жылу желілерінің бірі саналатын М-3 магистраліне кешенді қайта жаңғырту басталды. Бұл құбыр желісі жарты ғасырдан астам уақыт бұрын салынған және бүгінгі күні оның тозу деңгейі шамамен 70 пайызға жеткен. Осыған байланысты мамандар оны толық жаңартып, қазіргі заман талаптарына сай жаңа жүйеге ауыстыруды қолға алынды.



**Жәлел ШАЛҚАР,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Жоба қаладағы жылу жүйесінің сенімділігін арттыру, жылу энергиясының жоғалуын азайту және қыс мезгілінде тұрғындарды үздіксіз жылумен қамтамасыз ету мақсатын көздеп отыр. Сонымен бірге, ескі құбырлардың жиі істен шығуына тымдайтын апаттық жағдайлардың алдын алу да – негізгі міндеттердің бірі. «Теплотранзит Қарағанды» ЖШС өкілдерінің мәліметінше, құрылыс-монтаж жұмыстары жал-

пы ұзындығы 2,4 шақырымды құрайтын учаскеде жүзеге асырылуда. Нақтырақ айтқанда, бұл бағыт «Көгілдір тоғандар» шағын ауданынан басталып, Карл Маркс көшесіндегі жол өткеліне дейінгі аралықты қамтиды. Осы аумақта бұрыннан пайдаланылып келген төрт құбыр толықтай бөшкектеліп, олардың орнына жаңа технологиямен жасалған заманауи жылу желілері орнатылмақ.

Жаңғырту жұмыстары барысында маңызды техникалық өзгерістердің бірі ретінде беруші құбырлардың бірінің диаметрін кеңейту қарастырылған. Яғни, бұрынғы 800 миллиметрлік

құбыр 1000 миллиметрге дейін кеңейіп, қаладағы жаңа салынып жатқан және алдағы уақытта салынатын тұрғын үйлерді жылумен қамтамасыз ету мүмкіндігін күшейтеді.

Жоба аясында құбырларды ауыстыра отырып, инженерлік желілерді толық жаңаша форматқа көшіру де көзделген. Соның ішінде, жылу магистралін әуе арқылы тартылған ескі жүйеден жерасты инфрақұрылымына ауыстыру жұмыстары жүргізілуде. Бұл шешім желілерді сыртқы факторлардан қорғап, олардың қызмет ету мерзімін ұзартуға және жылу шығынын азайтуға мүмкіндік береді.

Жаңадан орнатылып жатқан құбырлар ретінде пенополиуретан негізінде дайындалған алдын ала оқшауланған заманауи материалдар қолданылуда. Мұндай құбырлар жоғары жылу сақтау қасиетімен, ұзақ мерзімділігімен және энергия тиімділігімен ерекшеленеді. Одан бөлек, техникалық қызмет көрсету шығындарын да азайтуға ықпал етеді.

Жаңғырту жұмыстары энергетика және коммуналдық секторды дамытуға бағытталған ұлттық жоба аясында іске асырылуда. Жалпы жоспар бойынша бұл жоба екі жылға есептелген. 2026 жылы 1,5 шақырым жылу желісі толық жаңартылса, 2027 жылы қалған 900 метрлік учаске толығымен ауыстырылмақ.

Құрылысқа қажетті барлық материал алдын ала дайындалып, отандық өндірушілерден толық көлемде жеткізілген. Мамандардың айтуынша, қазіргі таңда материал тапшылығы жоқ, жұмыс кестеге сәйкес жүргізіліп жатыр.

Сонымен қатар, жобадан экологиялық және ресурстық үнемдеу қағидаттары да ескерілген. Бұрынғы желілерді бұзу барысында алынатын жылуқошаулағыш материалдар текке тасталмай, қайта өңделіп, техникалық мүмкіндігі бар басқа учаскелерде қайта пайдалануға жіберіледі. Бұл өз кезегінде шығынды азайтып, құрылыс тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Жалпы алғанда, М-3 магистралін жаңғырту жұмыстары Қарағанды қаласының жылу инфрақұрылымын жаңарту жолындағы маңызды қадам болып саналады.

Суреттерді түсірген  
**Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ**



# Сервистік орталық сергектік сыйлайды

«Алматы-Екатеринбург» халықаралық автожолының Балқаш қаласына жақын бөлігінде орналасқан «Капля» жол бойы сервистік аймағын дамыту жұмыстары қарқын алды. Бұл жоба алдағы уақытта өмірдің туристік әлеуетін арттырып қана қоймай, мыңдаған жүргізуші мен саяхатшыға сапалы қызмет көрсететін заманауи орталыққа айналмақ.



**Нұрдос КӨРІМ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Қарағанды облысында жол бойы сервистік дамыту басым бағыттардың бірі ретінде қарастырылып келеді. Осы мақсатта Балқаш маңындағы жаңа аумақта инфрақұрылымды жетілдіру және кәсіпкерлік нысандарын орналастыру бойынша ауқымды жұмыстар қолға алынған. Қазіргі таңда аталған аумақта аукцион нәтижесінде жеті жер телімі инвесторларға берілген. Бүгінде мұнда жанармай құю станциясы қызмет көрсетіп тұр. Сонымен қатар, қонақүй мен дәмхана құрылысы жүргізілуде. Бұл нысандар іске қосылғаннан кейін ұзақ жолға шыққан жолаушыларға жайлы демалыс пен сапалы қызмет ұсынбақ.

Жобаның келесі кезеңінде туристік бағыттарды дамытуға ерекше назар аударылады. Осыған байланысты Шұбартүбек пен Тораңғалық туристік кенттері бағытында ірі жанармай құю кешендерін салуға арналған тағы үш алаң белгіленді. Бұл бастама Балқаш көлінің жағалауындағы туристік аймақтардың қолжетімділігін арттырып, өңірге келушілер санының көбеюіне ықпал етеді. Балқаш қаласының әкімі Сапар Сатаевтың айтуынша, бизнесті дамыту үшін қосымша 40 гектар жер бөлу жоспарланған.

– Бұл аумақта сервистік нысандарға арналған шамамен 80 жер телімін қалыптастырып, инженерлік желілер тарту көзделіп отыр. Сонымен қатар, негізгі көлік ағынына кедергі келтірмеу

мақсатында қосымша жол салынады, – дейді қала басшысы.

Жол бойындағы сервистік инфрақұрылыммен қатар, қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселесі де назардан тыс қалған жоқ. Заманауи технологияларды енгізу арқылы жүргізушілер үшін қауіпсіз әрі қолайлы жағдай жасау көзделуде.

«ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы Қарағанды облыстық филиалы директорының орынбасары Нұрсұлтан Елемесовтің мәліметінше, «Қарағанды-Балқаш» автожолында жүргізушілердің рөлде отырып қалып кетуінің алдын алуға арналған 14 лездерлік кешен орнатылған. Сондай-ақ, жол қоршауларына арнайы жарық қайтаратын жапсырмалар орналастырылған. Бұл құрылғылар түнгі уақытта және қолайсыз ауа райы жағдайында жолдың көрінуін жақсартып, жол-көлік оқиғаларының алдын алуға мүмкіндік береді.

Айта кетейік, мамандардың пікірінше, «Капля» сервистік аймағының дамуы Балқаш өңірінің экономикалық белсенділігін арттырып, жаңа жұмыс орындарын қалыптастыруға жол ашады. Ең бастысы – халықаралық көлік дәлізінің бойында орналасқан бұл нысан туристер мен жүргізушілер үшін заманауи әрі тартымды аялдау орнына айналмақ.

**БАЛҚАШ**

Сурет автордан

# Жағажайды жинап жарысты

Теміртау қаласындағы Жастар орталығы волонтерлерінің ұйымдастыруымен Самарқанд су қоймасының жағажайында жыл сайынғы «Таза ойындар» экологиялық акциясы өтті.

**Ержан ИМАШ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Командалық жарыс форматында өткізілген бұл шара жағажайдың қоқыс қалдықтарын жинап, жастарды қоршаған ортаны таза ұстауға жұмылдырып, олардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған болатын.

Ұйымдастырушылар атап өткендей, жағажай жазғы демалыстың көпшілікке мәлім орындарының бірі болғандықтан да

мұнда ұдайы айтарлықтай қоқыс қалдықтары көзге ұрып тұрады. Сондықтан да, осындай акцияларды өткізудің ерекше маңызы бар.

Бұл күнгі экологиялық акцияға 300-ден аса адам қатысып, жастар командалары жағажай аумағының қоқысын жинаудан өзара жарысқа түсті. Оларға сол жерде демалушылар да қосылды.

Жиналған қоқыс қалдықтары сұрыпталып, пластик, қағаз, тағы басқалары сегіз бөлек жинастырылды. Мұндай әдіс аумақты тазалап қана қоймай, акцияға қатысушылардың бойында қоқысты бөлектеп жинау дағдысын да қалыптастырады.

Тағы да ұйымдастырушылар атап айтқандай, акция интерактивтік форматта өтуде: алаңқайда жарыс элементтері

туындап, флешмобтар өткізіліп, қатысушыларды көтермелеу шаралары қарастырылыпты. Жетімпаздар сыйлыққа жергілікті өндірушілердің сүт өнімдері мен балмұздағын алып жатты.

Бұл жолы акцияға қатысушылардың қауіпсіздігі құқық қорғау органдарымен, соның ішінде, ювеналды полициямен бірлескен түрде қамтамасыз етілді. Өйткені, жағажай су қоймасына тым жақын орналасуы және демалушылардың көп болуынан мұнда бақытсыз жағдайлардың алдын алуға ерекше көңіл бөлінген.

Бұл экологиялық акцияны ұйымдастырушылар осы жобаның басты мақсаты тек аумақты қоқыстан арылту ғана емес, экологиялық дағдыларды да қалыптастыру деп санайды. Олар экологиялық жау-



апкершілікті тәрбиелеудің таңдаулы тәсілі осындай акцияларға қатысудағы әркімнің жеке үлгісі деп те есептейді. Себебі, өскелең ұрпақтың экологиялық құндылықтары осы бастан қалыптастыру қажет.

Теміртау қалалық жағажайында өткен бұл күнгі экологиялық акцияда 200 қаптай қоқыс қалдықтары жиналып, олар «КамАЗ» автокөлігімен сыртқа тасып шығарылды.

**ТЕМІРТАУ**

## • САҚТАНСАҢ, САҚТАЙДЫ

# Жаз қауіпсіздікті қаперге салады

Жазғы демалыс кезеңіндегі балалардың қауіпсіздігі бүгінде күн тәртібінде. Осы орайда төтенше жағдайлар департаментінің мемлекеттік өрт бақылау басқармасының бастығы Елдос Зияда балалар лагерлерінің дайындығы, шомылу маусымындағы қауіпсіздікке баса назар аударылғанын атап өтті. Сондай-ақ, балалардың терезеден құлау дерегінің алдын алуда атқарылып жатқан жұмыстарды баяндады.

Басқарма басшының айтуынша, қазіргі уақытта Қарағанды облысының аумағында балаларды жазғы сауықтырудың 13 лагері жұмыс істейді. Биыл екі нысанда профилактикалық бақылау жүргізу жоспарланған. Қазіргі таңда Теміртау қаласындағы «Qarmet» АҚ сауықтыру лагерінде тексеру жүргізілуде.

– Балалардың келу кезеңінде лагерь қызметкерлері мен тәрбиеленушілерге өрт қауіпсіздігін түсіндіру бойынша профилактикалық іс-шаралар ұйымдастырылады.

Сонымен қатар, білім басқармасымен бірлесіп, лагерьлерге комиссиялық тексеру жүргізілуде. Тексеру барысында өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуы мен балалардың қауіпсіз демалысына қажетті жағдайлар назарға алынуда, – деді Елдос Араратұлы.

Ал, шомылу маусымына дайындық мәселесіне келсек, өңірде жаппай де-

малуға арналған 149 орын ресми түрде белгіленген. Су айдындарындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін төтенше жағдайлар департаментінің 1987 қызметкері мен 390 техникасы жұмылдырылған.

– 2025 жылы облыста 15 адам суға батып қаза болды, оның алтауы кемелетке толмағандар. 2026 жылдың басынан бері су айдындарында үш ересек адамның қаза болуы тіркелген. Кемелетке толмағандардың суға кету фактілері тіркелмеген. Азаматтардан тек рұқсат етілген орындарда шомылуды сұраймыз, – деді басқарма басшысы.

Қауіпті учаскелерде 197 тыйым салу белгісі орнатылған. Балқаш қаласындағы құтқару бөлімшесіне күрделі жөндеу жүргізіліп, Тораңғалық пен Шұбартүбек кенттерінде модульдік ғимараттар салынууда.

Балалардың терезеден құлау дерегінің алдын алу мәселесі де кеңінен сөз болды.



– Биыл облыс аумағында балалардың терезеден құлауының 12 жағдайы тіркелді. Осыған байланысты түсіндіру жұмыстарын күшейтіп, көпбалалы және

аз қамтылған отбасыларға қауіпсіздік құлыптары мен терезе блокираторларын орнату жұмыстарын жүргізіп жатырмыз, – деді Елдос Зияда.

Айта кеткен жөн, әлеуметтік желілер мен «Дармен» мобилді қосымшасы арқылы да қауіпсіздік туралы ақпарат тұрақты түрде жарияланып келеді. Биыл төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлері 141 қорғаныс құрылғысын орнатқан.

Сондай-ақ, төтенше жағдайлар департаменті «Hani» кофеханалар желісімен бірлесіп жұмыс жүргізіп жатыр. Нәтижесінде кофе станцияларының сыртына QR-код орналастырылады. Кодты сканерлеген кезде балалардың қауіпсіздігі, терезеден құлау дерегінің және төтенше жағдайлардың алдын алу шаралары туралы ақпарат беретін арнайы сайт ашылады.

Мамандар ата-аналарды балаларын қараусыз қалдырмауға, суға тек арнайы жабықталған орындарда түсуге және тұрғын үйлерде қауіпсіздік талаптарын сақтауға шақырады.

**Зере ӨМІРҒАЛИ,**  
ҚарҰЗУ-дың II курс студенті

ЖАСТАР ПРАКТИКАСЫ

# Еңбек нарығына алғашқы баспалдақ

Аймақта жастарды жұмыспен қамту бағытында ауқымды жұмыстар жүргізілуде. Бүгінде өңірде жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 3 пайызды құрап, республикалық көрсеткіштен теңесті. Жас мамандарды еңбек нарығына бейімдеу мақсатындағы мемлекеттік бағдарламалардың арасында «Жастар практикасы» ерекше орын алады. Бағдарлама түлектерге алғашқы жұмыс тәжірибесін жинақтап, тұрақты жұмысқа орналастыруға мүмкіндік беріп отыр.

Жастарды жұмыспен қамту – елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды көрсеткішінің бірі. Сондықтан, мемлекет тарапынан жастарды еңбек нарығына тартуға бағытталған түрлі бағдарламалар іске асырылуда. Аймақта бұл бағыттағы жұмыстар жүйелі. Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының баспасөз қызметі хабарлауынша, 2025 жылы өңірде жұмыспен қамту шараларымен 23 148 жас қамтылған. Олардың 21 476-сы жұмысқа орналастырылды. Статистика органдарының мәліметіне сәйкес, өткен жылдың үшінші тоқсанында жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 3 пайызды құрады. Бұл көрсеткіш 2024 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 0,1 пайыздық тармаққа төмен және республика бойынша орташа деңгейге сәйкес келеді. Жастарды еңбекпен қамту аясында Қарағанды облысында 9 009 адам бос жұмыс орындарына

жолданған. Сонымен қатар, мемлекеттік жобалар аясында 876 жас жұмыспен қамтылса, жеке бас-тамалар арқылы 7 094 адам жұмысқа орналасқан. Субсидияланатын жұмыс орындарына ерекше көңіл бөлінуде. Былтыр мұндай жұмыс орындарына 4 435 адам орналастырылған. Оның ішінде, 123 адам мүгедектігі бар азаматтар. Жастар арасында «Жастар практикасы», «Алғашқы жұмыс орны», «Ұрпақтар келісімшарты», әлеуметтік жұмыс орындары мен қоғамдық жұмыстар бағдарламаларына сұраныс жоғары. Бүгінде жастарды еңбек нарығына бейімдеудің тиімді тетіктің бірі – «Жастар практикасы». Бағдарлама жоғары және орта арнаулы оқу орындарын бітірген түлектерге мамандығы бойынша алғашқы жұмыс тәжірибесін алуға мүмкіндік береді. Жобаға оқуын соңғы бес жыл ішінде аяқтаған, жасы 35-тен аспаған және мамандығы бойынша еңбек өтілі жок



азаматтар қатыса алады. Сондай-ақ, бағдарлама NEET санатындағы жастарға да қолжетімді. Жастар практикасына қатысу мерзімі 12 айдан аспайды. Қатысушылар мемлекет есебінен еңбекақы алады. Қазіргі уақытта төлем мөлшері 30 айлық есептік көрсеткішті құрайды. Бұл – 129 750 теңгеге тең. Бағдарламаның негізгі мақсаты – түлектердің кәсі-

би тәжірибе жинақтауына жағдай жасап, олардың тұрақты жұмысқа орналашу мүмкіндігін арттыру. Облыста 2026 жылдың басынан бері халықты жұмыспен қамту мәселелері бойынша Еңбек мобильділігі орталығына 22 387 адам жүгінген. Оның ішінде, 9 303-і – әйелдер, 6 126-сы – жастар. Бұл жалпы өтініш білдірушілердің 27,4 пайызы екен.

Биыл өңірдегі жоғары және арнаулы орта білім беру ұйымдарының 11 172 түлек тәмамдады. Олардың көпшілігі үшін алғашқы жұмыс орнын табу маңызды мәселе болып отыр. Осы ретте жастар практикасы бағдарламасы үлкен қолдау көрсетеді. Ал, 2026 жылы аймақта жастар практикасына 720 адамды жолдау жоспарланған. Алғашқы бес

айдың қорытындысы бойынша бағдарламаға 232 жас жолданып, жылдық жоспардың 32 пайызы орындалған. Өткен жылы жастар практикасына 975 түлек қатысқан. Бағдарламаның тиімділігі нақты мысалдардан көруге болады. Қарағанды қаласының тұрғыны Ксения Букина жастар практикасы аясында «Wonder Kid» түзету және дамыту орталығына медициналық мейіргер болып жұмысқа орналасқан. Ал, Роман Симчук «LIGHT KZ – 2020» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінде ақпараттық жүйелер әкімшісі қызметін атқаруда. Бұл жастарға өз мамандығы бойынша тәжірибе жинақтап, кәсіби ортаға бейімделуге мүмкіндік береді. Жастар практикасы – уақытша жұмыс орны ғана емес, жас маманның болашақ мансабына жол ашатын маңызды бағдарлама. Алғашқы еңбек тәжірибесі жастардың өз мамандығы бойынша қалыптасуына, кәсіби байланыс орнатуына және тұрақты жұмысқа орналасуына ықпал етеді.

Ділназ ҚАППАРОВА,  
ҚарҰЗУ-дың II курс студенті  
Суретті түсірген  
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

# Мектеп формасы: сапа мен баға үйлесімі

Қарағанды облысында мектеп формасына қатысты пилоттық жоба бастау алды. Облыстық білім басқармасы мен облыстық кәсіпкерлер палатасы жанындағы Жеңіл өнеркәсіп қауымдастығы оқушыларды сапалы әрі қауіпсіз мектеп формасымен қамтамасыз етуді, өңірдегі отандық өндіріштерді қолдауды көздейді.



Бүгінде мектеп формасы тек оқу орнының талабын орындау ғана емес. Ол оқушылардың тәртіпке бейімделуіне, мектеп мәдениетін қалыптастыруға және әлеуметтік теңдікті сақтауға ықпал етеді. Сондықтан, форма өндірісінде сапа, қауіпсіздік және қолжетімді баға басты назарға алынған. Пилоттық жоба аясында мектеп формаларын өндіруге өңірдегі бірнеше кәсіпорын жұмылдырылған. Атап айтқанда, «Bizdin Forma» ЖШС, «Ютария Ltd» өндірістік-инновациялық компаниясы және TrkSat тігін кәсіпорны оқушыларға арналған формаларды дайындауға тәжірибелі, ауа өткізгіш және күтім жасауға ыңғайлы. Өнім сапасы бірнеше кезең бойынша тексерілді. Алдымен, матаның құрамы зерттеледі, кейін түсінің тұрақтылығы мен жуу және үтіктеу кезіндегі қасиеттері бақыланады. Сонымен қатар, тігістердің сапасы тексеріліп, өнімнің қолданыстағы техника-

лық регламенттер мен стандарттарға сәйкестігі анықталды. «Bizdin Forma» ЖШС өкілі Гүлрай Муртазинаның айтуынша, балаларға арналған барлық киім өнімдері міндетті түрде қауіпсіздік талаптарына сәйкес болуы қажет. – Балаларға арналған барлық киім өнімдері қауіпсіздік талаптарына сәйкес міндетті сертификаттаудан немесе сәйкестікті декларациялаудан өтуі тиіс. Бұл өнімнің балалар денсаулығына қауіпсіз екенін және Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттеріне сәйкес келетінін растайды, – дейді ол. Маманның сөзінше, пилоттық жобаның негізгі мақсаты мектеп формасын шығарумен ғана шектелмейді. – Қарағанды облысында іске асырылып жатқан пилоттық жоба, ең алдымен, отандық өндіріштерді қолдауға, жергілікті қамтуды арттыруға және өңірдегі жұмыс орындарын сақтауға бағытталған. Бүгінде мектеп формасын жергілікті кәсіпорындарда өндіру арқылы жүзден тігінші, технолог, конструктор және басқа да мамандар тұрақты жұмыспен қамтылып отыр. Бұл – өңір экономикасының дамуына үлес қосып, отандық жеңіл өнеркәсіптің әлеуетін нығайтуға мүмкіндік береді, – дейді Гүлрай Муртазина. Қазіргі уақытта пилоттық жобаға қатысуға дайын екенін бірнеше мектеп растады. Олардың

қатарында Саран қаласындағы Абай атындағы мектептің бастауыш сыныптары, Қарқаралы қаласындағы Ә.Ермеков атындағы және О.Жәуітқов атындағы мектептер, Қарағанды қаласындағы Ж.Тәшенов атындағы мектеп, Шахтинск қаласындағы Ә.Бөкейхан атындағы мектеп-лицей бар. Сонымен қатар, Теміртау қаласындағы Ә.Бөкейхан атындағы гимназия, №2 және №4 мектептер де жобаға қатысушылар қатарында. Нұра ауданындағы №2 және №3 мектептер, Қарағанды қаласындағы №59 мектеп те пилоттық жобаны қолдады. Абай ауданындағы №5 Абай атындағы мектеп, Ахмет Байтұрсынұлы атындағы мектеп, Абай атындағы ресурстық орталық және Қаныш Сәтбаев атындағы мектеп жобаны жүзеге асыруға дайын екенін білдірді. Жобаға қатысушы білім беру ұйымдарының көбеюі бастаманың өзектілігін көрсетеді. Бұл мектептерде бірыңғай мектеп формасының тиімділігі мен қолайлылығы тәжірибеде бағаланды. Мектеп формасының бағасы ата-ана үшін де маңызды. Мамандардың мәліметінше, бір оқушыға арналған форманың құны оның жинақталуына байланысты. «Поло» жейделердің бағасы шамамен 5900 теңгеден басталса, үлкен өлшемдердегі бұйымдар 7500 теңгеге дейін. Ал, бастауыш сынып оқушылары үшін негізгі жиынтықтың орташа құны 23 500-



25 000 теңге аралығында, жоғары сыныптарда бұл көрсеткіш 25 000-30 000 теңгеге дейін барады. Форманың дизайны да қазіргі заман талабына сай әзірленуде. Өр мектептің ерекшелігі, корпоративтік түсі және ата-аналардың ұсыныстары ескеріледі. Сонымен қатар, оқушылардың күнделікті қозғалысына ыңғайлы болуы басты назарда. Қыз балалар мен ұл балаларға арналған бірнеше үлгі қарастырылған. Ата-аналар тарапынан келіп жатқан ұсыныстардың басым бөлігі өнім сапасына қатысты. Олар сапалы әрі ұзақ киілетін маталарды пайдалануды, өлшемдердің жеткілікті болуын және балаларға ыңғайлы үлгілердің жасалуын қолдайды. – Ата-аналар сапа мен қолжетімді бағаның үйлесіміне ерекше назар аударып отыр. Сонымен қатар, олар мектеп формасының заманауи эстетикалық жағынан тартымды болғанын қалайды, – дейді Гүлрай Муртазина. Мұндай пилоттық жобалар білім беру жүйесі мен өңір экономикасы үшін бірдей маңызды. Бір жағынан, оқушылар қауіпсіз әрі сапалы мектеп формасымен қамтамасыз етілсе, екінші жағынан жергілікті кәсіпорындарға тұрақты тапсырыс түсіп, жана жұмыс орындары ашылады. Экономика саласының мамандары жеңіл өнеркәсіпті қолдау ішкі өндірісті дамытуға және импортқа тәуелділікті азайтуға мүмкіндік беретінін айтады. Сондықтан, Қарағанды облысында қолға алынған бұл бастама әлеуметтік маңызымен қатар экономикалық тұрғыдан да тиімді жоба ретінде бағалануда. Бірыңғай мектеп формасына қатысты пилоттық жоба – балалардың қауіпсіздігі мен жайлылығын қамтамасыз етіп қана қоймай, отандық өндірісті дамытуға, жұмыс орындарын сақтауға және өңір экономикасын қолдауға бағытталған маңызды қадам.

Мелания ЧЕКУШКИНА,  
ҚарҰЗУ-дың II курс студенті  
Сурет ұйымдастырушылардан

# Жастар бизнесінің бастауы

Бүгінгі таңда жеке ісін бастау, бар кәсібін кеңейту – көптеген белсенді азаматтың арманы. Алайда, нарықтағы құбылмалылық, инфляция және бастапқы капиталдың тапшылығы кедергі болатыны жасырын емес. Мемлекет тарапынан берілетін түрлі субсидия мен гранттар – кәсіпкер болуға ықпал ететін шыннайы құралдар. Бұндай қолдау Бұқар жырау ауданында да ұдайы жүзеге асып келеді.



Грантка қол жеткізу үшін «Бастау Бизнес» жобасы бойынша кәсіпкерлік негіздерін оқып, сертификат алуы, жұмыссыз ретінде тіркелу немесе тіркелген жеке кәсіпкерліктің мерзімі 3 жылдан аз болуы, халықтың әлеуметтік осал топтары санатына (көпбалалы отбасылар, мүгедектігі бар жандар, АӘК алушылар, қандастар т.б.) жа-туы керек. Бүгінде бірқатар жастар аудан, ауылда ісін дөңгелетіп отыр. Бұқар жырау ауданы Жастар ресурстық орталығының директоры Ернат Әбутаев гранттың әділ жолмен берілетінін баса айтты. – Осы уақытқа дейін грант беру процесі ережеге сәйкес, артық-кемсіз және ешқандай дау-дамайсыз өтіп келеді. Комиссия мүшелері, ең алдымен, «Жобаның қоғамға пайдасы бар ма, жоқ па?» деген мәселеге баса назар аударады. Кәсіпкерлерді қолдау үшін жыл сайын аудан жастарына ауқымды қаражат бөлінеді. 2025 жылды алсақ, ауданымызға 14300000 қаражат бөлінді. Яғни, 8 жаңа кәсіпкер. Кәсіпкерлер жан-жақты бизнес түрін ашып, дамыту үстінде. Ең көп грант бөлінетін басым бағыт ауылдық жерде болған соң ауыл шаруашылығы. Басқа салада да тиімді бизнес ашқан жастар бар, – дейді Ернат Әбутаев. Оның айтуынша, жас кәсіпкерге жобасын қорғап, бизнесін ашып, жүргізуіне 6 айлық уақыт беріледі. Егер осы уақыт ішінде істі баста-маса, арнайы хат жолданады. Кейін сот арқылы талап-арыз беріліп, ақшасы кері қайтарылады. Әзірге мұндай жағдайлар кездеспеген. Грант жеңіп алған жастар өз жоба-сын іске асыруға ордайым дайын,

әрі зор құлшыныспен кіріседі. 2025 жылы әкім грантын ұтып алып, бүгінде ауданда өз кәсібін дөңгелетіп отырған жас кәсіпкер Рамиль Рысбаев аудан орталығында тез тамақтану орнын ашқан. Ол жеңіп алған 1,5 млн аудан әкімді-гінің грантымен қажетті құрал-жабдық сатып алған. – Мемлекеттік грант тура-лы әлеуметтік желі мен таныстар арқылы білдім. Кейін толық ақпа-ратты әкімдік пен арнайы сайт-тардан қарап шықтым. Менің биз-нес жоспарыма қолдау білдірді. Жоспарды таныстыру кезінде олар кәсіптің халыққа пайдасы мен бо-лашақтағы дамуына назар аударды. Осы кәсіпті ашуға шамамен бірне-ше ай уақыт кетті. Алдымен, жаб-дыққа қажетті құжаттарды жинап, бизнес жоспар дайындалды. Кейін құрал-жабдық алып, жұмыс орнын дайындаумен айналыстым. Грант кәсіпті бастауға зор көмек болды. Негізгі қажетті құрал-жабдыққа толықтай жетті. Дегенмен, бұл қайтарымсыз қаражат болғанымен, соңында сенім мен есеп бар, – дейді Рамиль Даниярұлы. Бұқар жырау ауданы жастарына берілетін әкім гранты үлкен бизнес-тің бастауында тұрған жас буын үшін таптырмас мүмкіндік және септігін тигізер маңызды қолдау. Бұл қаражат жастардың өз күшіне сенуіне, қаржылық сауаттылығын арттырып, өз орнын табуына жолда-ма. Бастысы – ашықтық сақталған, ал, жас кәсіпкерлерде мақсат пен құлшыныс бар. Адель АСАНОВА,  
ҚарҰЗУ-дың II курс студенті  
СУРЕТТЕ: Рамиль Рысбаев  
Сурет автордан

# Инфрақұрылым инвестицияға жол ашады

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму бағытын айқындай отырып, инвестиция тарту, өңдеуші өнеркәсіпті күшейту, шикізатқа тәуелділікті азайту және өнім өндірісін арттыру міндетін жүйелі түрде атап келеді. Осы стратегиялық міндеттерді жүзеге асыруда кеншілер өлкесі елдегі жетекші индустриялық аймақтардың бірі ретінде айрықша орын алады. Өңірдің табиғи ресурстары, өндірістік базасы, логистикалық мүмкіндіктері және инвестициялық инфрақұрылымы ел экономикасының негізгі драйверлерінің біріне айналды.



Қолжазба жасаған Шығар Алмабасова

**Жәлел ШАЛҚАР,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Аймақ бүгінде инвесторларға қатты пайдалы қазбаларды барлау және өндіру үшін шамамен 400 учаске ұсынылып отыр. Олардың ішінде, мыс кені – 25, алтын – 22, көмір – 25, темір және марганец – 9, полиметалл – 4, вольфрам – 4, жадент – 1, барит – 1 және титан-магнетит кені – 1.

Аймақ тарихи тұрғыда көмір өндірісінің орталығы ретінде танылғанымен, бүгінде тау-кен саласы әртараптанған. Мыс, алтын, темір, марганец, полиметалл және сирек жер металдарын өндіру бағыты қарқынды дамуда.

– Өңірдің басты артықшылығы – бай табиғи ресурстар мен толық өндірістік тізбек құруға мүмкіндік беретін өнеркәсіптік база. Шикізат өндірісімен шектелмей, оны терең өңдеу арқылы жоғары сапалы өнім шығаруға басымдық беріп отырмыз, – дейді облыстың кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасының басшысы Асқар Ғазалиев. Облыс – елдегі өңдеуші өнеркәсіп

бойынша да көшбасшылықта. Мұнда елдегі барлық жалпақ илем өнімі өндіріледі. Сонымен қатар, облыс елдегі болат пен шойын өндірісінің 90%-ын, ал, катодты мыстың 50%-ын қамтамасыз етеді.

Өңір өнімдері әлемнің 70-ке жуық еліне экспортталады. Негізгі бағыттар – Қытай, Түркия, Өзбекстан, Қырғызстан, БАӘ, Ресей және Еуропа елдері. 2025 жылы экспорт көлемі 3,3 млрд АҚШ долларынан асқан.

Аймақтың жалпы экономикасында өңдеуші өнеркәсіптің үлесі 40%-ды құрайды, бұл шамамен 8,5 млрд АҚШ доллары немесе 4 трлн теңге.

Ғылыми-инновациялық дамуы да қарқынды. Жыл сайын ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға 13 млрд теңгеден астам қаржы бөлінеді. Бұл өңірдің ЖӨӨ-нің 0,12%-ын құрайды (ЖӨӨ – 11 трлн теңге). Мемлекеттік секторға – 1,7 млрд теңге, жоғары білім беруге – 6,9 млрд теңге, кәсіпкерлік секторға – 4,1 млрд теңге, коммерциялық емес секторға – 0,6 млрд теңге қаржы бөлінген.

Осының нәтижесінде облыста жыл сайын 240 млрд теңгенің инновациялық өнімі өндіріледі. Бұл көрсеткіш бойынша Қазақстанда 3-орында (Қостанай облысы мен Алматы қаласынан кейін). Сонымен қатар, инновациялық өнім экспорты республикалық көрсеткіштің үштен бірін құрайды.

Өңірде инвестиция тарту үшін қолайлы орта қалыптасқан. Соның негізгісі – «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағы. Мұнда салық және кедендік жеңілдіктер қарастырылған.

Экономикалық тиімділігі жоғары: инфрақұрылымға салынған әр 1 бюджет теңгесіне 9,2 теңге жеке инвестиция тартылады (25,2 млрд теңге бюджет инвестициясына 231,68 млрд теңге жеке инвестиция). СӨЗ-ге Германия, Аустрия, Қытай және Катар инвесторлары қатысуда.

– Мемлекет басшысының инвестиция тарту жөніндегі тапсырмасын орындау – басты міндет. Соңғы үш жылда өңірге 4 трлн теңгеге жуық инвестиция тартылды. Бұл – жүргізілген жүйелі жұмыстың

нақты нәтижесі, – дейді Асқар Ғазалиев.

Тағы бір маңызды нүкте – «Саран» индустриялық аймағы. Мұнда жаңа өндірістер қалыптасып, заманауи өнеркәсіп бағыттары дамып келеді. Қазіргі таңда 12 қатысушы жалпы көлемі 434 млрд теңге инвестиция құйған. Мұнда автобус өндірісі, тұрмыстық техника, автомобиль шиналары, мырышталған металл бұйымдары, болат және полиэтилен құбырлары шығарылады.

Индустриялық аймақтың аумағы қосымша 188 гектарға кеңейтілуде. Сонымен қатар, өңірде екі шағын өнеркәсіптік аймақ жұмыс істеп тұр, ал үшінші аймақты іске қосу жоспарланған.

Өңірдегі логистикалық әлеуеттің жарқын мысалы – отандық TEEZ маркалының дамуы. 2025 жылы облыстың тауар айналымы 11 млрд АҚШ долларын (5,2 трлн теңге) құрап, 12,9%-ға өсті. Қарағанды облысы елде сауда көлемі бойынша 4-орында тұр.

Инвесторлармен жұмысты күшейту үшін құрылған «Qaragandy Invest» орталығы арнайы және индустриялық аймақтарды біріктіріп, «бір терезе» қағидамен қызмет көрсетеді. Соңғы үш жылда 4 трлн теңге инвестиция тартылып, 149 жоба іске асырылған. Сондай-ақ, жалпы портфель – 6,3 трлн теңге және 7 өнеркәсіп саласын қамтиды.

Басқарма басшысының айтуынша, өңірді толыққанды инвестициялық хақба айналдыруға белсенді жұмыс атқарылуда. «Әр жоба – жаңа өндіріс, жаңа жұмыс орны және экономикалық өсімнің кепілі», – дейді ол.

Қарағанды аймағы табиғи ресурстар, өнеркәсіп, логистика және инновация тоғысқан стратегиялық өңір екені белгілі. Ал, Президент тапсырмасына сәйкес жүргізіліп жатқан индустриялық-инвестициялық саясат өңір ел экономикасының маңызды тірегіне айналды.

РЕСМИ

## Есептеу тәртібі жаңартылды

Еңбек қатынастарын реттеуге бағытталған кезекті өзгерістер күшіне еңбек. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі орташа жалақыны есептеудің бірыңғай қағидаларына түзетулер енгізіп, бірқатар төлемдер мен өтемақыларға қатысты нормаларды нақтылады.

**Ерқанат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ,**  
«Ortalyq Qazaqstan»

Zakon.kz ақпараттық порталы жариялаған ресми мәліметке сәйкес, енгізілген өзгерістер орташа жалақыны есептеу кезінде ескерілмейтін төлемдер мен өтемақылар тізімін нақтылауға бағытталған. Атап айтқанда, орташа жалақы есебінен алынып тасталатын өнімдердің атауы заңнама талаптарына сәйкестендірілді.

Енді бұл санатқа қызметкерлерге берілетін сүт немесе оған теңестірілген тағам өнімдері, диеталық емдік және диеталық профилактикалық тағамдар, арнайы киімдер, сондай-ақ, Еңбек кодексіне сәйкес ұсынылатын өзге де жеке қорғаныс құралдарының құны жатқызылады. Өзгерістер қолданыстағы нормаларды нақтылап, еңбек қатынастары саласындағы құқықтық реттеуді жетілдіруге бағытталған.

Бұған дейін құжатта «диеталық (емдік және профилактикалық) тамақтануға арналған мамандандырылған өнімдер» деген тұжырым қолданылып келген. Жаңа редакцияда бұл норма нақтыланып, терминология қолданыстағы заңнама талаптарына толық сәйкестендірілді. Осылайша, құқықтық нормаларды біріздендіру және оларды қолдану барысында туындауы мүмкін әртүрлі түсіндірулердің алдын алу көзделіп отыр.

Орташа жалақыны есептеу тәртібіне енгізілген өзгерістер еңбек заңнамасын одан әрі жетілдіруге және құқықтық нормаларды біріздендіруге бағытталған маңызды қадам.

# Тұмса табиғат турист тартады

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Тұрғын үй кезегінде тұрған азаматтарды баспанамен қамту мақсатында соңғы жылдары жұмыс жүйелі. 2024-2025 жылдары 53 пәтер салынып, жергілікті бюджет арқылы сатып алынды. Бұл пәтерлер әлеуметтік осал топтағы азаматтарға берілді. Биыл осы бағытта тағы 76 пәтер беру жоспарланып отыр. Қазір «Отбасы банк» арқылы азаматтарды пәтерлерге орналастыру жұмыстары жүргізілуде, – деді аудандық тұрғын үй инспекциясы бөлімінің басшысы Ерлан Аманбаев.

Осы мақсатта салынған екі қабатты таунхаус үлгісіндегі тұрғын үй алты пәтерден тұрады. Нысанның бес пәтері жергілікті бюджет арқылы сатып алынып, көпбалалы отбасыларға берілген. Әр пәтердің аумағы – 113 шаршы метр. Екі деңгейлі кең баспана көпбалалы жанұялардың тұрмысына қолайлы етіп салынған.

– Бұл үйлерді жеке құрылысшылар салады, кейін жергілікті әкімдік сатып алып, тұрғын үй кезегіне сәйкес үлестіреді. Мұндағы пәтерлердің барлығы көпбалалы отбасыларға берілді. Үйдің ерекшелігі – өз жылыту жүйесі. Сонымен қатар, биыл оны орталықтандырылған жылу жүйесіне қосу да көзделіп отыр. Жалпы, ауданда ескі жер үйлерді бұзып, олардың орнына екі және төрт пәтерлі жаңа үйлер салу жұмысы кезек-кезеңімен іске асырылып келеді, – деді бөлім басшысы.

Жаңа қонысқа ие болғандардың бірі – көпбалалы ана Назгүл Мұратбекқызы. Ол отбасы тұрғын үй кезегінде он жылдан астам уақыт бойы тұрған.

– Биыл Наурыз мерекесі қарсаңында жаңа баспанаға қол жеткізіп, қуанышымызда шек болмады. Көп жыл күткен арманымыз орындалды. Үй жылы, кең, тұрмысқа өте қолайлы. Ең бастысы, каланың қак ортасында орналасқан. Балалардың мектепке, өзміздің күнделікті шаруаға қатынасуымыз да жеңілдеді. Осындай мүмкіндікке ие болғанымызға



ризамыз, – дейді көпбалалы ана.

Аудан әкімдігі баспана мәселесінде тек аудан орталығын ғана емес, ауылдық елді мекендерді де қамтуға көңіл бөліп отыр. Матақ пен Көктас ауылдарында салынып жатқан жаңа үйлер – соның нақты көрінісі.

Қазір Қарқаралы ауданында 780 азамат тұрғын үй кезегінде тұр. Былтыр 53 отбасы баспанамен қамтылса, биыл жыл соңына дейін тағы 76 отбасына пәтер беру жоспарланған.

### Туризмнің жаңа белесі

Қарқаралыдағы туризмді жаңа деңгейге көтеруге бағытталған ең ауқымды жобаның бірі – «Бұғылы» рекреациялық аймағы. Жалпы аумағы 75 гектарды құрайтын бұл аумақта қазір инженерлік инфрақұрылым тарту жұмыстары қарқынды. Жобаның тапсырыс берушісі – Қарқаралы ауданының құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімі. Мердігер ұйым – «IST Group Co» ЖШС.

Бүгінде «Бұғылы» аумағында су құбыры және кәріз желілерін тарту, байланыс желілерін жүргі-

зу, автомобиль жолдарының негізін дайындау, жаяу жүргіншілерге арналған төсемтас тасу жұмыстары атқарылуда. Қазіргі таңда мұнда 60-қа жуық адам еңбек етіп, 20-дан астам техника жұмылдырылған. Бұған дейін шамамен 10 шақырым электр желісі тартылып, 5 шақырымға жуық су құбыры жүргізілген. Ішкі байланыс жүйесі де әзірленуде.

Жоба аясында таза суға арналған 100 текше метрлік екі резервуар орнатылған. Сондай-ақ, 4827 метр су құбыры тартылып, 32 құдық қойылған. Кәріз желісінің ұзындығы 3158 метрді құрап, 50 құдық орнатылған. Байланыс желілері 3000 метрге жетсе, электр желілеріне арналған 364 трек қойылған. Автомобиль жолдарының 2300 метр негізі жоспарланып, 5300 шаршы метрге төсемтас төселген.

«Бұғылы» рекреациялық аймағы бес функционалды бөліктен тұрады. Олар – тыныш демалыс аймағы, этноауыл, ойын-сауық паркi, демалыс үйлері аумағы және тау шаңғысы кешені. Алдағы уақытта бұл жерде пансионаттар,

конақүйлер, глэмпингтер мен мейрамханалар салу жоспарланған. Жоба толық іске асқанда Қарқаралыға келетін туристер үшін демалыстың жаңа форматы қалыптасатыны сөзсіз.

Аудандық құрылыс, қала құрылысы және сәулет бөлімінің басшысы Мейіран Садуақасовтың айтуынша, инженерлік желілер мен коммуникациялар толық тартылғаннан кейін аумақ ішіндегі жер учаскелері конкурс арқылы кәсіпкерлерге ұсынылады. Қазірдің өзінде 18 жер телімі конкурсқа әзір.

– Қазір мұнда жұмыс қарқынды жоғары. Инженерлік инфрақұрылым тартылып жатыр. Су, кәріз, электр, байланыс желілері жүргізілуде. Жоба сәтті жүзеге асса, бұл аумақ кәсіпкерлер үшін де, туристер үшін де тартымды орынға айналады. Болашақта мұнда этноауыл, демалыс үйлері, ойын-сауық аймағы, шаңғы тебу аумағы сияқты бірнеше бағыт қатар дамиды. Алдағы уақытта тиімді жобалар ұсынылса, аспалы жол салу мүмкіндігі де қарастырылуы мүмкін, – деді Мейіран Темірханұлы.

Мердігер ұйым өкілі Досбол Токтамысовтың айтуынша, құрылыс жұмыстарының бастапқы кезеңі оңай болмаған. Аумақтың тастақ жер бедері жер қазу жұмыстарын күрделендірген. Дегенмен, жергілікті әкімдікпен бірлесіп, техникалық шешімдер қабылданып, жұмыс жүйеге түскен.

– Былтырдан бері жұмысты жоспарлы түрде жүргізіп келеміз. Бастабында жердің тастақ болуы біраз қиындық туғызды. Кей тұстарда қазу жұмыстары ауыр жүрді. Кейін жергілікті әкімдікпен келісіп, арнайы жару тәсілі арқылы жұмысты оңтайландырдық. Соның нәтижесінде су және кәріз желілері жүргізілді. Қазір төсемтас төсеу, абағандыру жұмыстары жүріп жатыр. Мұнда түрлі түсті киыршық тастармен өрнектелген жаяу жүргіншілер жолдары салынады. Этноауыл еңсесі тіктесіп, заманауи туристік нысан қалыптасады, – деді ол.

### Рухани кеңістікке айналар саябақ

Қарқаралыда қала келбетін жаңартумен қатар, тарихи-рухани мазмұны бар қоғамдық кеңістіктерді қалыптастыруға да мән беріліп отыр. Соның бірі – Әлімхан Ермеков атындағы №2 мектеп маңынан салынып жатқан жаңа шағын саябақ. Жалпы аумағы 800 шаршы метрді құрайтын демалыс орны тұрғындар мен қала қонақтарына қолайлы орта қалыптастыруды көздейді. Қазіргі таңда құрылыс жұмыстарының негізгі бөлігі аяқталуға жақын.

Қарқаралы қаласының әкімі Аслан Рахымбергеновтің айтуынша, бұл бастама Токтар Әубәкіров көшесін жөндеп жатқан «Арм-Строй» ЖШС мердігер ұйымының демеушілігімен жүзеге асуда. Жоба қала және аудан әкімдігінің бірлескен ұсынысы негізінде қолға алынған. Жалпы құны 50 млн теңгеге бағаланған жұмысты мердігер ұйым өз қаражаты есебінен атқаруда.

– Бұл жер қала тұрғындары мен қонақтарына қолайлы дема-

лыс орны болуы үшін жасалуда. Мердігер ұйым саябақ аумағына асфальт төсеп, жарық шамдарын орнатады, орындықтар қояды. Қаланы абаттандыру жұмыстары осындай нақты істер арқылы көрініс табады. Ең бастысы, бұл нысан мектеп маңында орналасқандықтан, оқушылардың да күнделікті тынығуына, елдік рухты сезінуіне ықпал етеді, – деді қала әкімі.

Жаңа сквердің ерекшелігі де сол – оның тарихи сабақтас-тықпен ұштасуы. Қоғамдық ұсыныс қолдау тапса, Құнанбай қажы мешітінің жанындағы Бала Абай мен Құнанбай ескерткішін осы аумаққа көшіру қарастырылмқ. Бұл ойдың да өзіндік мәні бар. Өйткені, жаңа демалыс орнына қарама-қарсы бетте Абай мен Құнанбай аялдаған тарихи үй орналасқан. Яғни, ол жер келекешете серуен алаңымен қоса, Қарқаралының рухани жадымен үндесетін тағылымды мекенге айналуы ықтимал.

Қала әкімінің айтуынша, бұл мәселе әлі толық шешілген жоқ. Ескерткішті көшіру тұрғындардың пікірі ескеріліп, қоғамдық қолдау болған жағдайда ғана жүзеге асуы мүмкін.

– Қарқаралы – тарихи терең, рухани салмағы бөлек мекен болғандықтан, әрбір абағандандыру жұмысы қаланың тарихи келбетімен үйлесуі керек. Егер тұрғындар тарапынан қолдау болса, бұл жерге Бала Абай мен Құнанбай ескерткішін орналастыру арқылы тарихи сабақтастықты күшейтуге болады. Әсіресе, туристер үшін де тартымды нысанға айналдыру сөзсіз, – деді Аслан Рахымбергенов.

Алдағы уақытта бастама толық жүзеге асса, жаңа демалыс орнына «Ақындар аллеясы» деген атау беру де ұсынылуы мүмкін. Бұл атау Қарқаралының әдеби-рухани болмысымен де үйлеседі.

Суреттерді түсірген  
**Алсандр МАРЧЕНКО**

# ЖИ мен тарих үндесіп...

Қарағанды қаласындағы облыстық тарихи-өлкетану музейі жуырда күрделі жөндеу жұмыстарынан өтіп, келушілерге жаңаша келбетте есігін айқара ашты. Бүгінде музей өткен мен бүгінді, тарих пен технологияны тоғыстыратын танымдық орталыққа айналған.

Екі қабаттан тұратын музейде жалпы саны 16 тақырыптық зал орналасқан. Оның алтауы бірінші қабатта, қалған оны жоғарғы қабатта. Экскурсия барысында келушілер адамзат тіршілігінің бастау кезеңінен бастап, бүгінгі күнге дейінгі тарихи оқиғалармен таныса алады. Музейге кірген сәттен-ақ, келушілерді цифрландырылған алып Бәйтерек қарсы алады. Бұл ерекше инсталляция әр адамға әртүрлі ой салуы мүмкін. Біреулер үшін ол – халқымыздың терең тартқан тамыры, енді біреулер үшін ұлт тарихының жарқын шежіресі немесе болашаққа ұмтылған асқақ мұраттың символы іспетті. Қалай болғанда да, ол – музей экспозициясының мән-маңызын ашып беретін ерекше композиция.

Сол залда Сарыарқа өңіріндегі киелі орындар мен әулиелер кесенелері белгіленген үлкен интерактивті карта бар. Картадағы барлық мәлімет қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде берілген. Бұл шетелдік туристер үшін үлкен



қолайлылық жасап қана қоймай, музейдің халықаралық талаптарға сай қызмет көрсетуге ұмтылысын көрсетеді.

Музейдің тағы бір ерекшелігі – тарихи деректерді заманауи технологиялардың көмегімен көркем түрде ұсынуы. Келесі залда

орналасқан алып интерактивті кітап та ерекше әсер қалдырады. Кітаптың екі беті де экран ретінде жасалған. Егер келуші кітапқа қарама-қарсы тұрып, қол қимылын жасаса, таңдалған тақырып бойынша жасанды интеллект арқылы бейнеленген қария мен немере арасындағы әсерлі әңгіме көрсетіледі. Бұл тәсіл тарихты қарапайым әрі қызықты тілмен жеткізуге мүмкіндік береді.

Ал, арнайы экранға өз есіміңізді енгізсеңіз, тарихи

тұлғалардан бата аласыз. Қазіргі таңда жүйеде негізінен Қазыбек би мен Бұқар жыраудың бейнелері сомдалған. Егер енгізілген есім мәліметтер базасында болмаса, келушіге «құрметті қонақ» деп үн қатады. Бұл да музейдегі жасанды интеллект элементтерінің бір көрінісі.

Екінші қабаттағы залдар тек технологиялық жаңашылдықтан ғана емес, ерекше көркемдік шешімдерімен де таңғалдырады. Саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған бөлімде түрме қабырғаларының көрінісі шебер бейнеленген. Алғаш қарағанды қарапайым декорация секілді алайда, арнайы жарық түскен сәтте темір торлар арасынан тұтқын мен оған қару кезген солдаттың көлеңкесі пайда болады. Бұл тарихи кезеңнің ауыр ахуалын сезіндіреді.

Сол залдағы түрме есігінің кішкентай бақылау тесігіне көз салған адам экраннан сол дәуірдегі тұтқындардың камерадағы өмірінен үзінділерді тамашалай алады. Мұндай шешім келушінің тарихи оқиғалардың куәгерінедей әсерге бөлейді.

Ұлы Отан соғысына арналған зал да ерекше. Мұнда шағын қосымша бөлме жасалған. Оның ішіне енген адам өзін майдан даласындағы оқпата отырған сарқабдай сезінеді. Проектор арқылы көрсетілген бейнелерді, дыбыстық эффектілер мен арнайы

## ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЖАСАҒАНДИ ИНТЕЛЛЕКТ ЖЫЛЫ 2026

безендіру жұмыстары соғыс жылдарындағы ауыр атмосфераны шынайы жеткізеді. Жасанды интеллект көмегімен дайындалған бейнематериалдар көрерменге майдан шебіндегі өмірді тереңірек түсінуге жағдай жасайды.

Музейдің әрбір залында тарихи деректерді толықтырып тұратын интерактивті экрандар орнатылған. Барлық ақпарат үш тілде ұсынылады.

Жалпы алғанда, Қарағанды облыстық тарихи-өлкетану музейіндегі жаңғырту жұмыстары өз нәтижесін бергені анық. Музей заманауи цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін тиімді пайдалану арқылы тарихты жаңа қырынан танытып отыр. Мұндай жаңашылдықтар келушілердің қызығушылығын арттырып қана қоймай, өскелең ұрпақтың тарихи санасын қалыптастыруға да зор үлес қосады.

Тарихқа қызығатын әрбір жанға Қарағанды қаласының облыстық тарихи-өлкетану музейіне барып, өткен мен болашақты жалған осы ерекше кеңістікпен танысуға кеңес береміз.

**Ақберен НУРТАЙ,**  
**ҚарҰЗУ-дың**  
**II курс студенті**

*Сурет облыс әкімдігінің сайтынан*

# Ойлы жастардың озық жобалары

(Соңы. Басы I-бетте).

– Роботтехника және IT саласында білім алуды жоспарлап отырмын. Болашақта автономды жүйелер мен роботтандырылған шешімдерді әзірлеумен айналысамын. Елімізде бұл саланың әлеуеті жоғары, мен оның дамуына үлесімді қосқым келеді, – дейді өнертапқыш өрен.

Қарағандылық оқушылар жобаны әрі қарай дамытып, іздеу роботын нақты өндірістік және төтенше жағдайлар саласында қолдануға бейімдеуді көздеп отыр. Жас өнертапқыштардың бұл бастамасы отандық роботтехника саласының дамуына серпін беріп, еліміздегі инновациялық жобалардың көкжиегін кеңейте түсері сөзсіз.

## Ерекше балаларға бағдар

Қарағанды облысының белсенді жастары қоғамдағы маңызды әлеуметтік мәселелердің біріне назар аударып, Даун синдромы бар балаларды қолдауға бағытталған тың жобаны жүзеге асыруда. Enactus Buketov University командасы әзірлеген бұл бастама облыс әкімінің гендерлік тендік мәселелері жөніндегі штаттан тыс кеңесшісі Айжан Қыясова мен Жастар ресурстық орталығының демеуімен қолға алынған.

Жоба авторларының айтуынша, идея нарықты зерттеу барысында туындаған. Жоба жетекшісі Амира Әбілдина дамытушы құралдардың сапасы мен мазмұнына қатысты олқылықтарды атап өтті.

– Біз балаларға арналған көптеген ойыншықтар мен құралдардың шамадан тыс ашық түстермен жасалатынын байқадық. Бұл кейбір балалар үшін қабылдауды қиындатады. Сондықтан, біз білім беру мен ойын элементтерін үйлестіретін, баланың сезіну қабілетін дамытатын арнайы тактильді кітап жасауды жөн көрдік, – дейді ол.

Жобаның негізгі өнімі – картон мен фетрден құрастырылған интерактивті кітап. Онда түрлі жапсырмалар мен қозғалмалы элементтер қарастырылған. Мұндай тәсіл балалардың ұсақ моторикасын, зейінді және қарым-қатынас дағдыларын дамытуға ықпал етеді.

Жобаны әзірлеу барысында студенттер арнайы әдебиеттер мен әдістемелік еңбектерге сүй-

енген. Сондай-ақ, сарапшы ретінде академик Қ.Сағынов атындағы колледж-мектептің балалар психологі Роман Устищенко кеңес берген.

– Әртүрлі текстуралар мен қозғалмалы элементтер баланың ұсақ моторикасын жетілдіреді. Ал, бұл өз кезегінде сөйлеу мен ойлау қабілетіне тікелей әсер етеді. Сонымен қатар, мұндай тапсырмалар зейінді шоғырландыруға, басталған істі аяқтауға, себеп-салдарлық байланыстарды түсінуге үйретеді. Жүйелі әрі тыныш мазмұн мазасыздықты төмендетуге де көмектеседі, – дейді білікті маман.

Тактильді кітаптың тәуеккері ерекше балаларға арналған даму орталықтарының бірінде өткен. Жас қатысушылар жаңа құралды қызығушылықпен қабылдап, ұсынылған тапсырмаларды белсенді орындаған көрінеді. Ата-аналар да жобаның маңызын жоғары бағалайды. Ерекше қажеттілігі бар баланың анасы Айжан Құсайынова мұндай бастамалардың қоғамға аса қажет екенін атап өтті.

– Біз балаларымыздың дамуына көмектесетін тиімді тәсілдерді іздейміз. Кейде маңызды дүниелер ескерусіз қалады. Осындай кітаптар сол олқылықтың орнын толтырып, балаға жаңа мүмкіндіктер ашады, – дейді ол.

Жобаның алғашқы кітабы отбасылық құндылықтар мен жақындар арасындағы қарым-қатынасқа арналған. Ондағы кейіпкерлер – қоян, тасбақа және үкі балаға ана, әке, ата-әже, аға-әпкемен байланыс орнатудың маңызын түсіндіреді. Әр бетте тапсырмалар мен мәтіндер қазақ және орыс тілдерінде ұсынылған.

Алдағы уақытта жоба авторлары осындай мазмұндағы үш кітаптан тұратын толыққанды серия шығаруды жоспарлап отыр. Бұл бастама ерекше балалардың дамуына қолдау көрсетіп қана қоймай, қоғамда инклюзивті мәдениетті қалыптастыруға да өз үлесін қоспақ.

Қысқасы, әлеуметтік қолдану бастап жоғары технологияларға дейінгі бағыттарды қамтыған бұл бастамалар елдегі инклюзивті орта мен инновациялық әлеуеттің қатар дамып келе жатқанын аңғартады. Ең бастысы – мұндай жобалар қоғам игілігіне қызмет етіп жатса, зейінді жастардың үмітті ақтап, үлес қосқаны.

Сурет жоба авторларынан

# Болашақтың білім кеңістігі

Өңірдегі цифрлық серпінді жасанды интеллект турнирі аясында буын педагогтерін анықтады.

Білім басқармасы мен Білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы педагогтер арасында жасанды интеллект бойынша тұңғыш облыстық турнир өткізді.

Бұл турнир білім беру жүйесіндегі цифрлық жаңашылдықтарды дамытуға бағытталған маңызды бастаманың бірі ретінде есте қалды.

Облыстың түпкір-түпкірінен келген ұстаздар жасанды интеллект мүмкіндіктерін білім беру үдерісінде тиімді қолдануға өз тәжірибелері мен тың идеяларын ұсынды.

Турнирде педагогтердің тек білім беруді ғана емес, заманауи технологияларды меңгерген цифрлық қолбасшы, инновациялық жобалардың авторы екендігі айқын көрінді. Бүгінде жасанды интеллект әлемдік білім беру жүйесінің ажырамас бөлігіне айналып келеді. Оқу материалдарын әзірлеу, білім алушылардың үлгерімін талдау, жеке білім беру траекторияларын қалыптастыру секілді көптеген бағыттарда ЖИ технологиялары кеңінен қолданылууда.

Осыған байланысты ұйымдастырылған турнир педагогтердің цифрлық құзыреттіліктерін жетілдіруге, жаңа технологи-



яларды тәжірибеге енгізуге және білім сапасын арттыруға мүмкіндік беретін маңызды алаң болды. Турнир үш кезеңнен тұрды. Шешуші финалдық кезеңге іріктеуден сүрінбей өткен 11 үздік команда қатысты. Жалпы саны 55 педагогтен құралған финалистер білім беру жүйесінде жасанды интеллект технологияларын қолданудың тың шешімдері мен тиімді үлгілерін ұсынды.

Сарапшылар алқасы ұсынылған жобалардың өзектілігін, практикалық маңызын және инновациялық сипатын жан-жақты бағалады. Турнир қорытындысы бойынша жеңімпаздар анықталды. Бірінші орынды Шет ауданының командасы иеленді. Олар білім беру үдерісінде жасанды интеллектті тиімді пайдалануға бағытталған озық жобаларын ұсынып, сарапшылардың жоғары баға-

сына ие болды. Екінші орын Балқаш қаласының командасына бұйырды. Ал, үшінші орынды Қарағанды қаласының №2 командасы иеленді.

Шара барысында Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығының басшысы Бақытгүл Әбдікерова қатысушыларға жоғары баға беріп, педагогтердің өңірдегі цифрлық трансформацияның басты қозғаушы күшіне айналып келе жатқанын атап өтті. Оның айтуынша, бүгінгі ұстаз тек технологияларды қолданушы ғана емес, болашақтың білім беру кеңістігін қалыптастырушы маман болуы тиіс.

Турнир аясында «Білім берудегі AI-технологиялар: тәжірибе, практика, инновациялар» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылды. Онда облыс педагогтері мен әдіскер-

## ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЖАСАҒАНДИ ИНТЕЛЛЕКТ ЖЫЛЫ 2026

лері жасанды интеллекті оқыту процесіне енгізудің тиімді жолдарын талқылады. Пікір алмасу алаңы жаңа серіктестіктердің қалыптасуына және болашақ бірлескен жобалардың бастамасына негіз болды.

Қазақстанда 2026 жылдың «Цифрландыру және жасанды интеллект жылы» болып жариялануы бұл бастаманың маңызын одан әрі арттыра түсті. Қарағанды облысында өткізілген тұңғыш облыстық жасанды интеллект турнирі өңірдегі білім беру жүйесін жаңғыртуға бағытталған нақты қадамдардың бірі ретінде бағалануда. Бұл жоба педагогтердің кәсіби дамуына серпін әрі ұрпаққа сапалы білім берудің жаңа мүмкіндіктерін ашатын цифрлық экожүйені қалыптастыруға ықпал етеді. Жасанды интеллект дәуірінде білім беру саласының болашағы ұстаздардың жаңашылдыққа деген ұмтылысымен тікелей байланысты. Қарағанды облысының педагогтері осы турнир арқылы заман талабына сай дамуға дұрыс екендіктерін тағы бір мәрте дәлелдеді.

**Ақберен НУРТАЙ,**  
**ҚарҰЗУ-дың II курс студенті**

*Сурет ұйымдастырушылардан*

## • ҚАУЫРСЫН ҚАЛАМ

# Дәуірдің жаңа шындығы

Бүгінгі таңда әлеуметтік желі адам өмірінің ажырамас бөлігіне айналды. Танертен оянған сәттен бастап кешке ұйықтағанға дейін миллиондаған адам смартфон экранына үніліп, жаналық оқиды, бейнеролик көреді немесе достарымен байланысады. Әсіресе, жастар үшін әлеуметтік желі ғана байланыс құралы емес, олардың дүниетанымын қалыптастыратын, қызығушылықтарын айқындайтын және өмір салтына әсер ететін маңызды ортаға айналды.

Әлеуметтік желілердің кең таралуының басты себебі – ақпаратқа қолжетімділіктің артуы. Бұрын жастар қажетті мәліметті кітаптардан немесе арнайы курстардан іздесе, бүгінде әлемнің жетекші университеттерінің дерістерін тыңдап, шетелдік мамандардың тәжірибесімен таныса алады. Бұл әсіресе, ауылдық жерлерде тұратын жастар үшін үлкен мүмкіндік. Географиялық қашықтық бұрынғыдай кедергі болудан қалды.

Алайда, әлеуметтік желінің ықпалы тек білім беру саласымен шектелмейді. Ол жастардың қоғамдағы белсенділігін арттыруға да әсер етті. Қазіргі таңда көптеген әлеуметтік бастамалар, қайырымдылық акциялары мен еріктілер қозғалыстары дәл осы платформалар арқылы ұйымдастырылады.

Сонымен қатар, әлеуметтік желі жаңа мамандықтардың пайда болуына жол ашты. Контент жасаушылар, SMM мамандары, графикалық дизайнерлер, маркетологтар

және цифрлық кәсіпкерлер қазіргі еңбек нарығында сұранысқа ие. Көптеген жастар әлеуметтік желі арқылы табыс тауып, жеке брендін қалыптастырып жатыр. Бұл цифрлық экономиканың дамуына және жастардың кәсіпкерлік қабілеттерінің артуына әсер етуде.

Соңғы жылдары мамандар жастар арасында ақпаратты үстірт қабылдау үрдісінің күшейіп келе жатқанын атап өтуде. Қысқа бейнероликтер мен жылдам контент адамның ұзақ уақыт бойы бір мәселеге назар аудару қабілетін төмендетуі мүмкін. Нәтижесінде күрделі кітаптарды оқу, ғылыми мақалаларды талдау немесе терең ойлануды талап ететін жұмыстар жастар үшін қиына соға бастайды. Бұл мәселе болашақта білім сапасына да әсер етуі ықтимал.

Тағы бір маңызды мәселе – цифрлық тәуелділік. Әлеуметтік

желілер адамның назарын мүмкіндігінше ұзақ уақыт ұстап тұру үшін арнайы алгоритмдер арқылы жұмыс істейді. Пайдаланушы бір бейнероликті көргеннен кейін келесісі автоматты түрде қарай береді.

Әлеуметтік желілердің тағы бір ерекшелігі – олардың қоғамдық пікір қалыптастырудағы күші. Бүгінде көптеген жастар жаңалықтарды теледидардан емес, әлеуметтік желіден алады. Бірақ интернет кеңістігіндегі барлық ақпараттың шынайылығына кепілдік жоқ.

Сондықтан, цифрлық дәуірде өмір сүретін әрбір жас әлеуметтік желінің тұтынушысы ғана емес, саналы әрі жауапты қолданушысы болуы қажет. Өйткені, технологияның қоғамға тигізетін әсерін анықтайтын басты фактор – адамның өзі.

**Айару ҚУАНЫШ,**  
**II-сынып оқушысы**

## Ақылды технология құқық қорғайды

Көліктің көбеюі көше жүктемелерін ауырлатып, жол қауіпсіздігі мен кептеліс мәселесін алдыңғы қатарға шығарды. Осыған байланысты Қарағанды да жол қозғалысын басқарудың заманауи жүйелері енгізіліп, «ақылды бағдаршамдар» орнатылуда.



Қолжазба жасаған Арайлым Қоктаева

Қазіргі таңда Қарағанды қаласында шамамен 234 бағдаршам нысаны жұмыс істейді. Сонымен қатар, қалада 49 белсенді жаяу жүргіншілер өткелі орнатылған. Бұл нысандар жол қозғалысын реттеп қана қоймай, жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Әкімшілік полиция басқармасының дерегіне сәйкес, соңғы жылдары қалада цифрлық технологияларды енгізуге ерекше көңіл бөлінуде. 2024-2025 жылдары жарияланған мәліметтерге сәйкес, шамамен 110 бағдаршам интеллектуалды көлік жүйесіне қосылған болатын. Кейіннен қала әкімдігі барлық негізгі бағдаршамдарды бірыңғай жасанды интеллект жүйесіне қосуды аяқтағанын хабарлады. Бүгінде негізгі бағдаршамдардың барлығы дерлік «ақылды басқару» жүйесіне біріктірілген.

Облыстық полиция департаменті әкімшілік полиция басқармасының бастығы, полиция полковнигі Бағдат Кәкімовтің айтуынша, мұндай жүйе көлік ағынын бақылап, жолдағы жағдайға байланысты бағдаршамдардың жұмыс уақытын автоматты түрде өзгерте алады.

Соның арқасында кейбір көшелердегі кептеліс азайып, көліктердің қозғалысы біршама жеңілдеді. Ақылды технологиялар жаяу жүргіншілер қауіпсіздігіне де оң әсерін тигізуде. Қарағанды қаласында орнатылған «ақылды» жаяу жүргіншілер өткелдері іске қосылғалы бері аталған нысандарда жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігі артты. Арнайы камералар мен датчиктер көлік ағынының қарқындылығын анықтап, мәліметтерді орталық басқару жүйесіне жібереді. Осы ақпарат негізінде бағдаршамдардың жұмыс тәртібі өзгертіліп, көлік қозғалысы реттеледі. Бұл, әсіресе,

алдын ала анықтап, жүргізушілерге ескерту береді, – деді Бағдат Базарбайұлы.

Дегенмен, жол-көлік саласындағы барлық мәселе толық шешілді деуге болмайды. Қарағанды облысында бүгінде 372 мыңнан астам көлік тіркелген. Көлік санының жыл сайын артуы жол инфрақұрылымына қосымша жүктеме түсіреду. Кейбір көшелердің жолдары қазіргі көлік ағынына сәйкес келмейді. Сондай-ақ, қалада тұрақ орындарының жетіспеушілігі де тұрғындарды алаңдатып отырған мәселенің бірі.

Жол қозғалысына қатысты тағы бір өзекті мәселе – көлік кептелісі. Әсіресе, таңертең және кешкі уақытта орталық көшелерде қозғалыс баяулап, жүргізушілер ұзақ уақыт жолда тұруға мәжбүр. Бұл жағдай тұрғындардың уақытын алып қана қоймай, қаладағы көлік қозғалысының тиімділігіне де әсер етеді.

Жол қозғалысының тиімді ұйымдастырылуы қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуына тікелей әсер етеді. Сондықтан, қазіргі таңда көптеген ірі қалалар сияқты Қарағанды да көлік қозғалысын цифрлық технологиялар арқылы басқаруға басымдық берілуде. Қарағанды қаласында енгізілген интеллектуалды көлік жүйесі нақты уақыт режимінде жұмыс істейді. Арнайы камералар мен датчиктер көлік ағынының қарқындылығын анықтап, мәліметтерді орталық басқару жүйесіне жібереді. Осы ақпарат негізінде бағдаршамдардың жұмыс тәртібі өзгертіліп, көлік қозғалысы реттеледі. Бұл, әсіресе,

көлік көп жүретін даңғылдар мен ірі жол қиылыстарында нәтижесі тиімді.

Сонымен қатар, қалада жаяу жүргіншілердің қауіпсіздігін арттыру бағыты-



**ЗАҢ МЕН ТӘРТІП**  
Қайыңсіз Қазақстан үшін!

## Шина мен мотор майлары өңделеді

Теміртау қаласының әкімі Галым Әшімовтің тапсырмасы бойынша «Таза Қазақстан» акциясы аясында осында пайдаланылған шиналар мен мотор майларын өңдеу жұмысы жанданды.

Ержан ИМАШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Оның мақсаты – осы машина материалдарының қала ішінде бейберекет шашылып, ластауына жол бермеу және олардың толық өңделіп, пайдаға асуын қамтамасыз ету.

– Сол үшін қала кәсіпорындарымен, автопарктармен, автосервистермен және өңдеуші-компаниялармен жұмыстар жүргізіліп, бүгінде барлық ірі және орташа кәсіпорындар сол өңдеушілермен келісім-шартқа отырды, – дейді Теміртау қаласы әкімінің орынбасары Андрей Уманцев.

Яғни, шиналарды ауыстыру қызметін көрсететін 26 автосервистің 24-і бұл келісім-шарт бойынша оларды өңдеп, пайдаға асырумен айналысуда. Ал, мотор майларын өңдеу де қолға алынып, көрсеткіштері жақсарып келеді.

Осы өңдеу жұмыстарымен жеке компаниялар шұғылданып, бұл ша-



наны өңдеуге жетеді. Ол жеңіл, жүк және ірі көліктердің барлық шиналарын қабылдауға қауқарлы.

Қалдықтардың түріне қарай мұнда механикалық және пиролиздік өңдеу қолданылады. Мәселен, шиналарды механикалық өңдеу кезінде олар фракцияларға бөлініп, нәтижесінде резина үгіндісі, металл мен тоқыма қорды пайда болады. Осы резина үгіндісі жол құрылысы, балалар және спорт алаңдарын сәулеттендіруге, резина жабындыларын өндірісінде пайдаланылатын көрінеді.

Ал, механикалық өңдеуге келмейтін шиналар пиролизге жіберіліп, соның барысында өнеркәсіпте қолданылатын техникалық көміртегі, пиролиз отыны мен металл қалдықтары алынады.

Сөйтіп, қалдықтар тек қана өңделмей, қайтарма шикізат ретінде шаруашылық айналымына қайтарылады, – дейді аталған кәсіпорынның техникалық директоры Александр Бирюков.



руаға бюджеттен бір тиын да жұмсалмайды екен.

Міне, осындай өңдеуші компаниялардың бірі «Спешпромдеталь» ЖШС әуелде құрылыс ұйымы болса, 2020 жылдан бастап экологиялық бағытты дамытып, қолданылған автомобиль шиналары мен басқа да қалдықтарын ұқсатуға кіріскен.

– Бұрын кәдеге жаратылған шиналарды өңдеу Қазақстан ғана емес, бүкіл әлем үшін де маңызды. Жарамсыз шиналардың жиналып қалуы қоршаған ортаға елеулі зиян келтіреді. Сондықтан да оларды өңдеп, пайдаға асыру біздің табиғат қорғау жұмысымыздың маңызды бағыты болып табылады.

Қазір бұл кәсіпорынның жобалық қуаты жылына 3600 тонна ши-

Сондай-ақ, кәсіпорын басқа да мамандандырылған ұйымдармен өзара іс-қимыл жасасып, оларға қалдықтардың өзге түрлерін, пайдаланылған майларды, антифриз бен ластанған материалдарды қоса береді.

Сонымен, Теміртау қаласында қаласында жүзеге асырылып жатқан бұл жобаның арқасында кәсіпорындар мен тұрғындар мұндай өңдеу мәселесіне барған сайын жауапты қарап, тозған шиналар мен машинаның басқа материалдарын беталды лақтырып тастамай, оларды мамандандырылған пункттерге әкеліп, тапсырады. Бұл олардың экологиялық мәдениеті де біртіндеп қалыптасып келе жатқанын көрсетеді.

ТЕМІРТАУ

Сурет ұйымдастырушылардан

• ЖАЗ ЖАЙНАТЫП, КҮН КҮЛДІРІП...

## Жазғы демалыстың қызығы

Бұқар жырау аудандық білім бөлімі оқушылардың биылғы жазғы демалысын жақсы өткізуді жоспарлаған. Бұл кезеңде балалардың сауықтырылуының бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастырудың негізі – нормативтік құжаттар. Оларға оқушыларды сауықтыру жинақтары және демалыс жүйесін дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері, балалар онкүндігі, ән фестивалін өткізу тұжырымдамалары, республикалық конкурстар туралы ережелер, әдістемелік ұсынымдар, бағдарламалар, балалардың сауықтыру лагерлері не арналған жадынамалар, сабақ сценарийлері және тағы басқалары кіреді.

Ержан ИМАШ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

– Біздің Бұқар жырау ауданы бойынша биылғы жазғы демалыс уақытында 42 мектеп жанындағы лагерлерге 6638 оқушы, соның ішінде аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан 2528 оқушы қамтылады, – дейді аудандық білім



бөлімінің әдіскері Айгерім Соян. Сондай-ақ, 1-15 маусым аралығында ерекше білімді қажет ететін балалар үшін мектепшілік лагерь жұмыс істеп, оған аудан бойынша 174 бала тіркелген. Жалпы, 36 білім ордасында осы 1 маусымнан 15 тамызға дейін мектепшілік лагерьлер өз жұмысын бастады.

Бірақ, 6 мектепте жасалатын жөндеу

жұмыстарына байланысты мектепшілік жазғы лагерлер ашылмайтындықтан жаз мезгілінде оларда оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру ісін ауылдық мәдениет мекемелерімен бірлесіп отырып жүргізу ұсынылған екен.

Мектепшілік лагерьлердің жетеуінде атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылардан шыққан 93 оқушыға күнделікті бір

реттік тегін ыстық тамақ беріледі.

Бұдан бөлек бұл маусымда 20 бейнді алаңның базасында оқушылар үшін үйірмелер мен қалауына қарай лингвистикалық, жаратылыстану-математикалық, әскери-спорттық бағыттағы бірлестіктер, сол сияқты шығармашылық бағыттағы «Шебер қолдар», би, вокал үйірмелері мен пікірталас клубтарының жұмысын ұйымдастыру көзделді. Әрі жаз мерзімінде оқушылар киелі жерлер мен тарихи ескерткіштерге, хайуанаттар бағы мен басқа да нысандарға экскурсияға баратын болады.

Айгерім Соянның айтуынша, биыл оқушыларды аудан аумағынан тыс лагерлерге жіберу де қарастырылыпты. Мәселен, 2 және 23 мамыр аралығында Балқаш қаласында орналасқан «Балдәурен» лагеріне аудандық білім беру ұйымдарынан әлеуметтік санаттағы және мектеп өміріне белсене қатысқан 37 оқушы барып, демалып қайтыпты. Сонымен қатар, атаулы көмек алатын отбасылардан шыққан 90 оқушыны Қостанай қаласындағы «Светлофор» балалар лагеріне жіберу үшін өткізілген мемлекеттік сатып алудың қорытындысы бойынша «Рашид» ЖК-мен 7759 мың теңгеге келісім-шарт жасалынып, олар сонда барып тынығатын болды.

Осынау игілікті шаруаға аудандық кәсіподақ ұйымы да белсене атсалысып, жолдама құнының тең жарымын төлеуге міндеттеніп, қазір оған 9 ата-анадан сұраныс түскен көрінеді.

Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастырудан ауданның қосымша білім беру ұйымдары да тыс қалмай, олар үшін тегін үйірмелер ашып, «Руханият» КББО 100, «Мирас» өнер мектебі 100, Ғабиден Мұстафин кентіндегі музыка мектебі 50 оқушыны соларға қатыстырғалы отыр.

«Жасыл ел» бағдарламасы аясында жоғары сыныпта оқитын 14-16 жастағы 200-дей оқушыны жазғы бос уақыттарында уақытша жұмысқа орналастыру да жоспарланса, олардың ішінде 14-15 жастағылар айына 71932, ал 16 жастағылар 105932 теңгеден табыс таппақ.

Қорытындылай келгенде, мектеп оқушыларының жазғы демалысын жақсы және мазмұнды ұйымдастыру тек маусымдық шара емес, ол балалардың толыққанды дамуына ықпал ететін кешенді жұмыс екенін Бұқар жырау ауданы білім бөлімінің жұмыс тәжірибесі де көрсеткендей.

Бұқар жырау ауданы

Сурет ұйымдастырушылардан

• ТАҒЫМ

# Ғасырдан да ұзақ күн, жанды ауыртқан ауыр мұң...

**Клара БАПАРҚЫЗЫ...**

Біздерді Абай ауданының әкімдігі һәм Халық пен Мемлекет алдындағы қасиетті борыш біріктірді. Ол ана, біз балалары сияқты едік. Аса үлкен жауапкершілігіне қарамастан, әрбірмізді бағыттап, жөн құсқап, тәлімгер сияқты қамқор болатын. Аяулы әріптес бізді бір мезет, бір сәтте қиып кете барды деп кім ойлаған... Тағдырдың жазуы неткен ауыр еді.

Ертең мен бүгінгі алмазып жататын күндерде қасында сенетін, сүрінсең сүйейтін адамның болғаны – үлкен бақыт. Ондай жандармен қатар жүрсең, қуанышын да, қайғың да ортақ. Біз де солай өмір сүрдік. Жұмыс десек, бірге жанып, бірге жетістікке қуандық. Қиындық болса бірге еңсердік. Кейде өмір мәңгілік болып көрінеді. От сөнбейтіндей, гүл солмайтындай, адам кетпейтіндей кейіпте көрінеді. Бірақ тағдырдың өз заңы бар. Кенет бәрі өзгереді. Кей жандар ортамыздан кеткенмен, артында өшпес із қалдырады. Міне, сол жанның бірі – Клара Баянқызы.

Қарағанды облысы Абай ауданы әкімінің орынбасары болған

«Расында, біз Алладан келдік, және Оған қайтамыз».

*Құран Кәрім.*



Клара Баянқызының арамыздан кеткеніне 40 күн болды. Оның жылы жүзі, сабырлы үні, әділ сөзі бізге ауадай қажет екенін енді ұғындық. Бауырында күнде көріп жүрген соң, асқар тауымыздың бигіні байқамаппыз-ау.

Клара Баянқызы 30 жыл ғұмырын мемлекеттік қызметке арнады. Оның 30 жылы – бір ғана Абай ауданының әлеуметтік саласының тарихындай болып меймұндадалап тұр. Білім, денсаулық, мәдениет – қайсысын алсан

да, оның қолыңды табы бар. Ол үшін лауазым – билік емес, асқан жауапкершілік еді.

Көпбалалы ананың мұңын, ардагердің өтінішін, өз шаңырағының мәселесіндей көрді. Кабинетте отырып бұйрық берген жок – адамның жанына үңілді. Сондықтан халық оны «өз адамымыз» деді. Ел ішінен табылатын. Соңғы сәтте де ел арасында жүріп, мәңгілік мекеніне аттанды.

Адалдық, қарапайымдылық, сабыр – оның күнделікті киетін киімі

сияқты еді. Артық сөз, даңғазат тірлік оған жат. Үнсіз жүріп, үлкен істер тындырды. Үйінен жұмысына аяндап келе жатып, алдынан кездескен әрбір жанға жылы жүзбен қарап, сөйлесіп, ел ішіндегі мәселелерді елдің өз аузынан естіп білетін, әрі оны бірден шешуге тырысатын.

«Жақсының аты өлмейді» деген рас. Ол отбасында ардақты ана, аяулы жар бола білді. Қызметте абыройлы басы, сенімді әріптес, ақылшы апамыз болды.

Абай атамның «Нұрлы ақыл, жылы жүрек, ыстық қайрат» деген үш қасиеті де Клара Баянқызының бойынан табылды.

Уақыт өтер, қайғыны қуаныш алмастырар. Апайымыздың артында қалған қыздары анасының жолын жалғастырып, халқының перзенті боларына сенеміз. Ал, біз үшін Клара Баянқызы – мәңгілік сағынышқа айналған, қасиетті есім болып қалады. Уақыт емшілейді. Бірақ кей адамның орны ешқашан толмайды.

Қайран, Клара Баянқызы, жаныңыз жәннатта болсын. Елдің есінде қалған әр жақсылығыңыз сізге мәңгілік өмірде мол сауабын тигізсін.

Еске алушы: **Абай ауданы әкімдігінің ұжымы**



Еске алу

**Клара Баянқызы КАБДУАЛІЕВНАНЫ еске алу**



Ажалың келіп, салып кетті ме қыл бұрау, Өзінді алып, өмір өзгеше сырғыды-ау. Үш қызыммен, қос немерен, жарың бар, Бәрін де тастап кетіп қалдың ба, құрбым-ау.

Достыққа адал, бөлек едің ғой, дарасың, Көңілде бейнен, жүректе өзін қаласың. Алпысқа жетер шағында алып қу ажал, Алыстатты ма дос пен достың арасың?

Таусылғаны ма дәм менен татар тұзының? Жан едің асыл, өмірдің жалғар үзгін. Отыз жыл елге қызмет жасап, кеттің бе, Бейнеттің енді, көремін деген де қызығың.

Мамырдың 1-ін суық хабарлы күз дейміз, Өзінсіз енді айдында еркін жүзбейміз. Клара досым, ақылшы едің, асылым, Қырық күн болды, өзінді әлі іздейміз.

Мәңгілік енді мұнайып шертер күйімсің, Қолымыз жетпес, алыстап кеткен қиярың. Топырақ мамық, Аллаң алдыңнан ұялтпай, Жәннаттан орын, өзіне енді бұйырсын.

Қиастықпен еске алушы достарың: **Давримбеков Ерлан, Давримбекова Айгүл, Бокенов Өміржан, Бокенова Гүлбану, Какенов Аян, Сулейменова Тұғанай, Смағұлов Нұрлан, Аканова Арина, Подысоцкий Виталий, Тугамбаева Сәуле, Какенов Сайрам, Сыздықова Гульбаршин**

№98

• ЖАҚСЫНЫҢ АТЫ ӨЛМЕЙДІ

## Дәдем


Дәдем мені ерекше жақсы көрді. Қоңырау шалсам, «Қуантай-сың ба?», – дейтін. Тоқсанға таяса да тың еді ғой. Сөйткен қоңыраудың, сөйткен жезденің үнінің тоқтағанына бір жылдың жүзі болыпты. Анай қайтқасын да он жыл отағаның отыр өшірмеді. Жалғыз өзі. Туған жеріміз Томарда түтін түтетіп отырды...

Мен үшін әлемді таным деген қиял Дәдемді таным дегеннен басталған екен-ау. Қоңыр чемоданың ақтарып, командировкадан келдім дейді де, бізге тәтті-дәмдісін үлестіретін. Алтыннан қымбат апатайымыз Баубам да (Рауза Зимолақызы Аманқұлова) біздей балаларды Дәдем әкелген базарлықпен қуантушы еді. Ауыл баласына тансық дәмді ұсынғысың, біз бар, көше балалары бар, барлығымыз Дәдемнің үйіне асығатынбыз. Сарқыттың жеп, сонау Москвада, Алматыда түскен фотоларын көріп, тамсанытынбыз.

Замандастары да заңғар еді. Марқұм Орынғазы, Әбдіхан, Ғазиз ағаларымыз бастаған...

Өмір өтпейтіндей көрінген екен-ау. Аман қанша?!

Былтыр Дәдеммен қошта-су сәтінде қадірлі азаматтардың үнін естідік. Өте орынды айтты.



Облыста медицина саласының басшылық қызметін атқарған ағамыз, біздің ауылдың тумасы, Социалистік Еңбек Ерінің ұрпағы Болат Мұздыбаев жақсы ұсыныс жасады.

«Томар ауылында бір көшенің немесе нысанның атауын Елмағанбет Сырбаевтың есіміне беру керек», – деді Болат ағамыз.

Өрине, сыртта жүрек те, осы ұсынысты біз қолдаймыз. Өйткені, Дәдем – Елмағанбет Сырбаев прораб ретінде ауылдың құрылысына ерекше атсалысқан азамат. Сырбаевтың совхоз тарихындағы еңбек өтілі, қажырлы еңбегін ауылдастар растайды. Дүние жимады, елге, жерге деп тер төкті.

Біздің ауыл – бес бірдей Социалистік Еңбек Ері шыққан ауыл. Ақын да, батыр да туған мұнда. Бір ғана мысал, Алаштың аяулы перзенті, Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген әртісі Хабиба Елебекова шешеміздің, қазақтың дүлдүл әншісі, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Мейірхан Адамбековтің кіндік қаны Томардың топырағына тамған. Осы күннің өзінде ауылдан үлкен ғалымдар мен спортшылар шығып жатыр. Таубе!

Бүгінде ауыл жақса жылына бір жол түседі. Көпшілікпен қауышып, көңіл білдіру үшін.

Ата-баба, о дүниелік болған туғандардың басына барып Құран бағыштау үшін.

Өттегені, қаңыраған қара-шаңырақтарды көргенде көзге жас үйіріледі.

Әкем совхоздың қойын бақты. Біз бастауышты орталықта, Розия шешеміздің қолында тұрып оқыдық. Мектепке барарда және келерде міндетті түрде Дәдемнің үйіне соғатынмын. Әке-шешемді сағынсам да, Дәдемді іздейтінмін. Қара УАЗ-ына мінгізіп алып, қыстаққа алып барып келетін. Мауқымды сөйтіп басушы едім. Дәдем жайлы айтылар да, жазылар естеліктердің бір парасы ғана бұл.

«Жезденің қадірі – әкедей» дейді дана халқымыз. Расымен, әкедей қамқор, әкедей қадірлі болған Дәдемнің орны ойсырап тұр.

Апайдың басына барғанда көзіне жас алатын. Ақыры өзі де сол жерде мәңгілікке дамылдады.

Қабірлерін нұрға толысын, қадірлі Дәде-Баубам!

**Қуаныш АМАНҚҰЛОВ, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі**

• БІЛІМ ОШАҚТАРЫНДА

## Рәміздер рухы тәрбиелейді

Мемлекеттік рәміздер – әрбір тәуелсіз елдің айыны мен мақтанышы. Рәміздерді қастерлеген ұрпақ өз елінің тарихын құрметтеп, болашағына жауапкершілікпен қарайды. Туған жерге сүйіспеншілік пен патриоттық сезім де осы рәміздер арқылы жүрекке орнығады. «Тәрбиелі ұрпақ – тәуелсіз елдің тірегі» демекші, мектеп қабырғасында тәрбиеленіп отырған жас ұрпақтың бойына мемлекеттік рәміздерге деген құрметті сіңіру – маңызды тәрбиенің бірі.



сыйлықтарын табыс етті. «Жас ұлан» ұйымына қабылданған 5-сыныптың үздік оқушысы Бекнұр Сыздықов мерекелік форумда өзінің жүрекжарды құттықтау тілегін арнап, мемлекеттік рәміздерге деген құрметі мен Отанға деген сүйіспеншілігін Мағжан Жұмабаевтың «Мен жастарға сенемін» өлең шумағымен ұштастыра жеткізді. Жас өреннің жалынды сөзі форум қатысушыларына көтеріңкі көңіл күй сыйлап, патриоттық рухты асқатқатты.

Форум барысында мемлекеттік рәміздердің маңызы, Конституцияның қоғамдағы орны туралы

тағылымды ойлар айтылып, жас буынға патриоттық тәрбие берудің мәні кеңінен насихатталды.

Бүгінгі жас ұландар – ертеңгі ел тірегі. Олардың бойындағы отансүйгіштік, білімге құштарлық пен жауапкершілік қасиеттері Тәуелсіз Қазақстанның жарқын болашағына сенім ұялатады.

**Рауан БАСПАКОВА, Мағжан Жұмабаев атындағы мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі**

Сурет автордан

### Вниманию жителей!

ОО «Корпорация Казахмыс» уведомляет о проведении общественных слушаний в формате открытого собрания по рассмотрению отчета о возможных воздействиях

ed9de80

Номер совещания (код доступа): **2517 053 6102**

Пароль совещания: **123456X**

№	Северная широта	Восточная долгота
1	49°23'53,38"	75°42'04,84"
2	49°23'43,60"	75°42'20,03"
3	49°23'32,89"	75°42'03,83"
4	49°23'42,66"	75°41'48,65"

Инициатор: ООО «Корпорация Казахмыс», БИН 050140000656. Представитель: Бесбаева М.М., менеджер GR ООО «Корпорация Казахмыс», контакты: тел. 8 (7172) 557665 (вн.10894), эл.адрес: Meruert.Besbaeva@kazakhmys.kz

Разработчик: Головной проектный институт ТОО «Корпорация Казахмыс», БИН 050140000656. Представитель: Сулейменова А.Б., контакты: тел. 8 (7172) 55 76 72 (вн.10557), эл.адрес: Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz

Материалы проекта размещены

на сайте: <https://ndbecology.gov.kz> и [www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru](http://www.gov.kz/memleket/entities/karaganda-tabigat?lang=ru)

Замечания и предложения по проекту принимаются по ссылке <https://ndbecology.gov.kz>, на эл.адрес: [expertiza.upr.krg@mail.ru](mailto:expertiza.upr.krg@mail.ru) и почтовый адрес: Карагандинская область, г.Караганда, ул.Лободы 20, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области» в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний.

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении общественных слушаний, а также копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно запросить по эл.адресу [Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz](mailto:Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz) и по номеру телефона 8 (7172) 55 76 72 (вн.10557).

Регистрация производится за 15 минут до проведения общественных слушаний при предоставлении удостоверения личности.

К

Жаңалық әрқашан жаныңызда! <https://ortalyq.kz/>

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің ұжымы Алматы қаласы әкімінің орынбасары Абзал Нүкенұлы Нүкеновтің наасы **Тыныштық НҮРПЕЙСОВАНЫҢ** дүниеден озуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына, жақындарына қайғыра көңіл айтады. Орны толмас ауыр қазаға байланысты қайғыларыңызға ортақтасып, осы қиын сәтте отбасына сабыр мен төзім тілейміз. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын.

К

## Доп додасының дүбірі

Төрткүл дүние тағатсыздана күткен футболдан әлем чемпионатының басталуына санаулы сағаттар ғана қалды. FIFA ұйымдастыратын дүбірлі дода биыл бірнеше тарихи жаңалығымен ерекшеленбек. Алғаш рет әлем чемпионаты бір мезетте үш елде, яғни, АҚШ, Мексика және Канада аумағында 16 стадионда өтеді. Сондай-ақ, турнир тарихында тұңғыш рет қатысушылар саны 48 құрамаға дейін ұлғайтылған. Ал, дүбірлі доданың ақтық бәсекесі 19 шілдеде, Ист-Ратерфорд қаласындағы (АҚШ) MetLife Stadium аренасында өтеді деп жоспарланған.



Ербол ЕРБОЛАТ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

Биылғы әлем чемпионаты бірнеше көрсеткіш бойынша тарихи рекордтарды жаңартқалы тұр. 1930 жылы өткен алғашқы дүниежүзілік біріншілікке небәрі 13 құрама қатысса, биыл бұл көрсеткіш 48 командаға дейін ұлғайды. Сонымен қатар, турнир тарихындағы матчтар саны да рекордтық деңгейге жетті. Бір айдан астам уақытқа созылатын дүбірлі дода аясында жанкүйерлер жалпы саны 104 кездесудің куәсі болады. Дүбірлі доданың басты ерек-

шеліктерінің бірі – жарыс форматының жаңаруы. Топтық кезеңде 48 құрама төрт командадан құралған 12 топқа бөлінеді. Әр топта алғашқы екі орын алған құрамалар плей-офф кезеңіне тікелей жолдама алады. Ал, III орын алған командалардың арасындағы үздік сегіз құрама да жарысты жалғастыру мүмкіндігіне ие болады. Осылайша, турнирдің шешуші кезеңі алғаш рет 1/16 финалдан басталып, чемпиондық жолындағы тартысты бәсекенің

ауқымын одан әрі арттыра түспек. Букмекерлік кеңселердің болжамы бойынша, биылғы әлем чемпионатында жеңімпаз ата-нуға басты үміткерлер қатарында қазіргі әлем чемпионы Аргентина құрамасы, сондай-ақ, Франция, Испания, Англия және Бразилия құрамасы бар. Соңғы жылдары халықаралық аренада тұрақты нәтиже көрсетіп жүрген бұл құрамалар турнир фавориттері саналады. Ал, футбол сарапшылары биылғы долада тосын нәтиже көрсетуі



мүмкін командалар ретінде Норвегияны, Марокконы, Сенегалды және әлем чемпионатына алғаш рет қатысатын Өзбекстан құрамасын қосып атап отыр. Әсіресе, Өзбекстанның тарихи жетістігі Орталық Азия футболы үшін маңызды оқиға ретінде бағаланады.

Матчтардың өту уақыты қазақстандық футбол жанкүйерлерін аса қуанта қойған жоқ. Себебі, Солтүстік Америкада ұйымдастырылатын әлем чемпионатының көптеген кездесулері Қазақстан уақыты бойынша түн ортасында, таңға жуық немесе жұмыс күнінің басталуымен тұспа-тұс түсіп тұр.


Турнирдің алғашқы кездесуі Мексика мен Оңтүстік Африка құрамасы арасында өтпек. Матч Мехикодағы әйгілі «Ацтека» стадионында өтеді. Қазақстан уақыты бойынша ойын 11-інен 12-сіне қараған түні сағат 00:00-де басталады. Қазақстандық жанкүйерлер әлем чемпионатының барлық қызығын Qazaqstan және Qazsport телеарнасы арқылы тамашалай алады. Ендеше, төрт жылда бір келетін дүбірлі доданы бірге тамашалап, әлем футболының ең айтулы сәттеріне куә болайық!

Сурет Fifa.com

### ТАНЫМ

## Түрменің тілсіз куәсі

Балқаш тарихи-өлкетану мұражайында өткен ғасырдың қасіретті кезеңінен сыр шертетін ерекше терезе сақтаулы. Соның бірі – бүгінде тып-тыныл болған БалқашЛАГ аумағынан әкелінген темір торлы терезе. Мұражай қорындағы терезе кезінде лагерьдегі балалар бөлімшесінің терезесі болған деген дерек бар. Бұл темір тор саяси қуғын-сүргін жылдарының ауыр тарихын еске салады.



Нұрлос КӨРІМ,  
«Ortalyq Qazaqstan»

– Кеңес үкіметі тұсында, әсіресе 1920-1950 жылдар аралығында саяси қуғын-сүргін кең етек жайды. Мындаған адамға жалған айып тағылып, түрмеге қамалды, жер аударылды немесе ату жазасына кесілді. Қазақстан аумағында да көптеген еңбекпен түзеу лагерьлері құрылды. Солардың бірі – 1934 жылы ашылған БалқашЛАГ болатын. БалқашЛАГ ҚарЛАГ жүйесінің №37 бөлімшесі ретінде жұмыс істеді. Лагерь 1955 жылы жабылғанға дейін жиырма жылдан астам уақыт болды. Осы кезеңде мұнда шамамен 10 мыңға жуық адам жазасын өтеген. Мұражайдағы темір торлы терезе сол бір зұлмат жылдардың үнсіз куәсі ретінде тарихтан сыр шертіп тұр. БалқашЛАГ-та, тіпті, балалар бөлімшесі де болған екен. Қалалық музейде сақталған мына темір торлы терезе – соның дәлелі, – дейді

мұражай қызметкері, тарихшы Дәулет Қожақов.

Айта кетейік, зерттеушілердің мәлімдеуінше, тұтқындар қатарында қазақтармен бірге орыс, украин, неміс, еврей, поляк, шешен, өзбек, қытай, жапон, венгр, литва және эстон халықтарының өкілдері болған. Олардың көпшілігі еш дәлелсіз айыпталып, отбасыларымен бірге жер аударылған. Лагерь тұтқындары Балқаш мыс балқыту зауытының, өндірістік нысандардың және қаланың инфрақұрылымының құрылысына тартылған. Тіпті, Балқаш қаласының қалыптасуына үлес қосқан алғашқы құрылысшылар, дәрігерлер мен мәдениет қызметкерлерінің арасында жазасын өтеушілер де болған. БалқашЛАГ-та болған 17 адамға ауыр саяси айыптар тағылып, әйгілі 58-бап бойынша ату жазасы қолданылған.

БАЛҚАШ

Сурет автордан

### ҚОЛӨНЕР

## Көненің көзінде киелі кәсіп

Қазіргі таңда ұлттық құндылықтарды жаңғырту мен дәстүрлі қолөнерді заманауи кәсіп көзіне айналдыру – уақыт талабы. Осы орайда, Қарағанды қаласының мәдениет, тілдерді дамыту, дене тәрбиесі және спорт бөлімінің мемлекеттік әлеуметтік тапсырысы шеңберінде аймақта айтулы жоба жүзеге асырылып жатыр. «Parasat Aktau» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен қолға алынған «Ұлттық қолөнер – асыл қазына» жобасының сәуір-мамыр айларындағы алғашқы нәтижелері өз жемісін беруде.



Орталық табалдырығын атағаннан-ақ біздің өзіне тән иісі мен түрлі-түсті жіптердің үйлесімі, ең бастысы – қатысушылардың ерекше ынтасы қарсы алды. Кеншілер шаһарында бастау алған бұл игі шараға 15 пен 70 жас аралығындағы 80-нен астам қыз-келіншек пен ақсаулықты аналарымыз қатысты. Мұнда көпбалалы аналар, студенттер, зейнеткерлер мен әлеуметтік осал топ

өкілдері тегін шеберлік мектебінен өтуде.

– Қатысушылар үшін жалпы 300 сағаттық ауқымды оқыту бағдарламасы әзірленген. Осы уақытқа дейін өткен теориялық кезеңде олар сырмақ өнерінің тарихы мен философиясын, біз кесте тигудің қыр-сырын меңгеріп үлгерген. Сонымен қатар, этно-дизайн негіздерін, яғни, қошқармүйіз, сынармүйіз секілді ежелгі ою-өр-

нектердің символдық мағынасын терең ұғынды, – дейді жоба жетекшісі Толқын Құсайынова.

Сабақ барысында 15 жастағы мектеп оқушысы мен 70 жастағы қарияның бір мақсатта үзегі қағыстыра жұмыс істеп отырғаны рухани сабақтастықтың жарқын үлгісіндей әсер қалдырады.

Ұйымдастырушылар қатысушыларды қажетті жүн, кесте жіп, құрсау, мата, біз және түрлі-түсті киіз секілді барлық материалдармен толықтай тегін қамтамасыз етті. Ал, оларға бағыт-бағдар беріп, өнердің қыр-сырын үйретіп жүрген оқытушылар – халықаралық көрмелердің қатысушылары, тәжірибелі шеберлер Қ. Төлеубаева, Д. Ермекова және А. Мағрупбекова.

Бүгінде орталықтағы жұмыс қос бағытта қызып тұр. «Сырмақ жасау» бағытында қатысушылар жүнді жуып, илеу мен сабау технологиясын толық меңгеріп, өздері тандаған киіз көлемдегі сырмақтар мен төсеніштердің эскизін сызып, киізге ою бастыру жұмыстарын бастап кеткен. «Бізбен кестелеу» бағытындағы шеберлер шынжырлы, таңдай және баспа тігіс әдістерін шебер қолданып, мата бетіне ұлттық нақыштағы өрнектерді кестелеудің алғашқы кезеңдерін сәтті аяқтаған. Тіпті, I маусым – Балаларды қорғау күніне орай қатысушылардың алғашқы туындыларынан шеберлік сабақтары мен шағын көрме де ұйымдастырылып үлгерді.

Айша ҒАНИ,  
ҚарҰЗУ-дың II курс студенті

Сурет автордан

### ТУРНИР

## Ардагерлер алаңға шықты

Қазақстан футбол федерациясы мен Қарағанды облыстық футбол ассоциациясының мұрындық болуымен өңірде тұңғыш рет жаяу футболдан (Walking Football) «Қарағанды аңыздары» атты аймақтық турнир өтті. Оған өңірдің футбол ардагерлерінен құралған сегіз команда қатысып, өзара күш сынасты.

Спорттың бұл түрі – аға буын өкілдерінің денсаулығын нығайтуға және олардың әлеуметтік белсенділігін арттыруға бағытталған. Ардагер футболшылардың алаңда жаракат алып қалмауы үшін ойын тәртібіне өзіндік ережелер енгізілген. Атап айтсақ, ойыншылар алаңда жүгіруге, допты жоғары тебуге және бір-біріне иық тіресіп, қақтығысуына тыйым салынған.

Турнирге қатысқандардың қатарында отандық футболдың дамуына өзіндік үлес қосқан Асқар Әбілдаев, Евгений Лунев және Әміржан Мұқанов сынды футбол аңыздары да болды.

– Мұндай форматтағы турнирге алғаш рет қатысуым. Шыны керек, басында аяғың тартылып, ережеге икемделу қиын көрінді. Бірақ, ойынның қызығына кірген соң бәрі ұмытылады. Бар өнерімдізі



салдық. Бұл спорттың ең басты миссиясы – ардагерлерді біріктіру. Ендеше, бұл бастаманың болашағы зор деп есептеймін, – делі турнирдің «Үздік жартылай қорғаушысы» Әміржан Мұқанов.

Турнир қорытындысы бойынша I орынды «Шахта Костенко» командасы иеленді. Одан кейінгі сатыға «ЧЧ» командасы табан тіресе, үздік үштікті «Тарлан» командасы түйіндеді. Сонымен қатар,

Сәкен Ахметов «Үздік қақпашы», Айбек Жұмабеков «Үздік қорғаушы», Әміржан Мұқанов «Үздік жартылай қорғаушы» атанса, Игорь Кулик «Турнирдің үздік ойыншысы» аталымы бойынша жеңімпаз атанды.

Ділнар ЕРМЕК,  
ҚарҰЗУ-дың II курс студенті

Сурет QOFA

ORTALYQ QAZAQSTAN

Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газеті

Құрылтайшысы: облыс әкімдігі  
МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС

Директор  
Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА  
Директордың орынбасары  
Станислав Альбертович ПЕСНЕВ  
Директордың орынбасары  
Галия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА

Бас редактор  
Е.К. МҰСАБЕК  
Бас редактордың орынбасары  
Қ.А. АЙТЖАН  
Сайт редакторы  
А.Ә. СОВЕТ  
Жауапты хатшы  
С.Б. ПИЯШ

Телефондар:  
Бас редактор: 43-38-53  
Бас редактордың орынбасары: 43-58-08  
Интернет-редакция редакторы: 43-38-33  
Жауапты хатшы: 43-49-72  
Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55;

Меншікті тілшілер:  
Ақтоғай, Шет, Балқаш,  
Приозерск: 8-702-293-13-70  
Қарқаралы, Нура,  
Осакаров: 8-702-216-73-50  
Темиртау, Саран, Шахтинск, Абай,  
Бұқар жырау: 8-775-189-33-19

• Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.  
• Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.  
• Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.  
• Материалдың жариялану ақысы төленген ☑

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № КЗ18ВР000030163 күнелі берілді.

Газет сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.  
Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 ғй.

Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru  
Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru



Газет жеткізілмесе  
41-26-82, 43-57-88  
телефонына хабарласыңыздар.

«БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ  
Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131,  
БИК KСJZKZKX БИН 000840001412

Таралымы 4 108  
№61 тапсырыс. Индекс 65484  
Офсеттік басылым. Көлемі 4 баспа табақ.

Бағасы келісім бойынша  
«Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды.  
Қарағанды қ., Сетбаев к., 15.  
Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген.  
Кезекші редактор Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН